

ISSN (Print) 2616-6895
ISSN (Online) 2663-2497

ВЕСТНИК
ЕВРАЗИЙСКОГО
НАЦИОНАЛЬНОГО
УНИВЕРСИТЕТА
ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА

BULLETIN
of
L.N. GUMILYOV
EURASIAN NATIONAL
UNIVERSITY

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ

ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы
PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series
Серия ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ

№ 2 (127)/2019

1995 жылдан бастап шығады
Founded in 1995
Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады
Published 4 times a year
Выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан, 2019
Nur-Sultan, 2019
Нур-Султан, 2019

Бас редакторы
Молдажанова А. А.
п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары (педагогика)	Г.Ж. Менлибекова , п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Бас редактордың орынбасары (психология)	А.Р. Ерментаева , п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Бас редактордың орынбасары (әлеуметтану)	Н.О. Байғабылов , PhD (Қазақстан)

Редакция алқасы

Иванова Г.П.	п.ғ.д. (Ресей)
Исламова З.М.	п.ғ.к., доцент (Ресей)
Кажғалиева А.	докторант (Қазақстан)
Калдыбаева О.В.	PhD (Қазақстан)
Колева И.	докт. (Болгария)
Сейтқазы П.Б.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Сунарчина М.М.	э.ғ.д., проф. (Ресей)
Толубекова Р.К.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Уразбаева Г.Т.	п.ғ.д., доцент (Қазақстан)
Хан Н.Н.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хаяти Тюфекчиоглу	э.ғ.д., проф. (Түркия)
Шайхисламов Р.Б.	э.ғ.д., проф. (Ресей)
Шалғынбаева Қ.Қ.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Сәтпаев к-сі, 2, 349 б.,
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Жауапты хатишы, компьютерде беттеген: Ә. С. Жұматаева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы.

ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы

Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркелген. 27.03.18 ж. № 17001-
Ж -тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 35 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: +7(7172)709-500
(ішкі 31432)

© **Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті**

Editor-in-Chief
Doctor of Pedagogical Sciences,
Prof.(Kazakhstan)
A.A. Moldazhanova

Deputy Editor-in-Chief (pedagogy) **G.Zh.Menlibekova**, Doctor of Pedagogical Sciences,
Prof. (Kazakhstan)
Deputy Editor-in-Chief (psychology) **A.R. Yermentayeva**, Doctor of Psychological Sciences,
Prof. (Kazakhstan)
Deputy Editor-in-Chief (sociology) **N.O. Baigabylov**, PhD in Sociology (Kazakhstan)

Editorial board

Ivanova G.P.	Doctor of Pedagogical Sciences (Russia)
Islamova Z.M.	Can. of Pedagogical. Sciences, Assoc.Prof. (Russia)
Kazhgaliyeva A.	Doctoral Candidate (Kazakhstan)
Kaldybayeva O.V.	PhD (Kazakhstan)
Koleva I.	Dr. (Bulgaria)
Seytkazy P.B.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
Sunarchina M.M.	Doctor of Sociology, Prof. (Russia)
Toleubekova R.K.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
Urazbayeva G.T.	Doctor of Pedagogical Sciences, Assoc.Prof. (Kazakhstan)
Khan N.N.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
Hayati Tufekcioglu	Doctor of Sociology, Prof. (Turkey)
Shaikhislamov R.B.	Doctor of Sociology, Prof. (Russia)
Shalgynbayeva K.K.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)

Editorial address:2, Satpayev str., of.349, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008
L.N.Gumilyov Eurasian National University
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Responsible secretary, computer layout: A.S.Zhumatayeva

Bulletin of L.N.Gumilyov Eurasian National University PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of information and communication of Republic of Kazakhstan.

Registration certificate No. 17001-Ж from 27.03.18

Periodicity: 4 times a year

Circulation: 35 copies

Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31432)

© **L.N.Gumilyov Eurasian National University**

Главный редактор
д.п.н., профессор
А. А. Молдажанова (Казахстан)

Зам. главного редактора (педагогика)	Г.Ж. Менлибекова , д.п.н., проф. (Казахстан)
Зам. главного редактора (психология)	А.Р. Ерментаева , д.п.с. наук, проф. (Казахстан)
Зам. главного редактора (социология)	Н.О. Байгабылов , PhD (Казахстан)

Редакционная коллегия

Иванова Г.П.	д.п.н. (Россия)
Исламова З.М.	к.п.н., доцент (Россия)
Кажгалиева А.	докторант (Казахстан)
Калдыбаева О.В.	PhD (Казахстан)
Колева И.	докт. (Болгария)
Сейтказы П.Б.	д.п.н., проф. (Казахстан)
Сунарчина М.М.	д.с.н., проф. (Россия)
Толубекова Р.К.	д.п.н., проф. (Казахстан)
Уразбаева Г.Т.	д.п.н., доцент (Казахстан)
Хан Н.Н.	д.п.н., проф. (Казахстан)
Хаяти Тюфекчиоглу	д.с.н., проф. (Турция)
Шайхисламов Р.Б.	д.с.н., проф. (Россия)
Шалгынбаева К.К.	д.п.н., проф. (Казахстан)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Сатпаева, 2, каб. 349,
Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева
Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Ответственный секретарь, компьютерная верстка: А. С. Жуматаева

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева.

Серия: ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ.

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан.

Регистрационное свидетельство № 17001-Ж от 27.03.18 г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн.31432)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

МАЗМҰНЫ

ПЕДАГОГИКА

<i>Абдимомынов Е.Б.</i> Білім берудің қазіргі технологиялары: дәстүрлі әдіс пен жаңаша көзқарас (ЖОО-да М.Әуезовтің әңгімелерін оқыту негізінде)	8
<i>Абдыхалықова Ж.Е., Нурмуханбетова А.Н.</i> Әлемдік жоғары білім беру жүйесінде студенттерді тьюторлық сүйемелдеуді салыстырмалы талдау	21
<i>Бейсенбаева Б.А.</i> Ағылшын тілі сабақтарында телешоу, онлайн бейнефильмдер және бейнеподкастерді пайдалану	38
<i>Джумажанова Г.К., Татиева М.Е.</i> «Әбілхан Қастеев техникасынадағы» түстік шешімдер және оны үйренудегі практикалық ерекшеліктер	46
<i>Дүйсекова К.К., Михайлова Т.В.</i> Интеграцияланған пәнаралық әдістеме: үш тілдік білім берудің негізі ретінде	57
<i>Жекибаева Б.А., Калимова А.Д.</i> Болашақ мұғалімдерді бастауыш мектепті кіріктірілген оқытуға дайындаудың бастапқы жағдайы	66
<i>Какимова Л.Ш.</i> Жоғары көркемдік білім берудегі «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы контексті аясындағы ұлттық сана мен мәдени құндылықтар	77
<i>Сагиндыков К.М., Менлибекова Г.Ж., Мукушева Н.Ж.</i> Ересектердің компьютерлік сауаттылығын қалыптастырудың андрагогикалық негіздері	85
<i>Самуратова Т.К., Наурызбаева А.</i> Заманауи қалалық орта ұйымдастырудағы дәстүрлі тәсілдерді қолдану ерекшеліктері	92
<i>Текесбаева Г.М., Текесбаева А.М.</i> Оқушылардың коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастырудағы шешендік сөздердің маңызы	99
<i>Шалғынбаева К.К., Сулеймен А.М.</i> Ұрпақтар сабақтастығын сақтауда халықтық тәрбиенің рөлі	105
<i>Шолпанкулова Г.К., Байтиқбай К.</i> Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың моторикасын дамыту тәжірибесі	112

ПСИХОЛОГИЯ

<i>Әбдіғалиев Е.Б., Айкинбаева Г.К.</i> Медбикелердің жұмысындағы кәсіби күйіну синдромын туындататын факторлар	121
<i>Балабаева А.К., Черникова Т.В., Касымжанова А.А.</i> Фармацевтикалық кәсіпорынның қызметкерлерінің еңбек қызметінің мотивациялық факторы қызметінің еңбек құны	130
<i>Барбанова Е.И., Дергачёва Е.В., Мацкевич И.К., Стельмах С.А.</i> Емделіп жатқан онкологиялық науқастарды психологиялық қолдау моделі	139

ӘЛЕУМЕТТАНУ

<i>Байгабылов Н.О.</i> «Үш аймақ» қозғалысының батыры - Тәкіман (биографиялық зерттеудегі нарративті сұқбат әдісі)	152
<i>Сейдуманов С.Т., Сапарғалиқызы Ж.</i> Әйелдің қосарлы жұмысбастылығындағы кәсіптік интеграция көрінісі	161

CONTENTS

PEDAGOGY

<i>Abdimomynov E.B.</i> Modern education technologies: the traditional method and the new look (based on the study of M.Auezov's short stories in high schools)	8
<i>Abdykhalykova Zh.E., Nurmukhanbetova A.N.</i> A comparative analysis tutoring support of students in global higher education	21
<i>Beisenbaeva B.A.</i> Using TV shows, online videos and video podcasts in the English classrooms	38
<i>Dzhumazhanova G.K., Tatiyeva M.E.</i> Color solutions and practical features of training in the «Abilkhan Kasteyev technique»	46
<i>Duisekova K.K., Mikhailova T.V.</i> Integrated interdisciplinary approach as the basis of trilingual education	57
<i>Zhekibaeva B.A., Kalimova A.D.</i> The assessment state of future teachers' training for integrated education in primary school	66
<i>Kakimova L.Sh.</i> National consciousness and cultural values in higher art education in the context of the national idea «Mangilik El»	77
<i>Sagindykov K.M., Menlibekova G.Zh., Mukusheva N.Zh.</i> Andragogical basis of the Development of Computer Literacy of Adults	85
<i>Samuratova T.K., Nauryzbayeva A.</i> Features of using of traditional ways in the organization of the modern urban environment	92
<i>Tekesbayeva G.M., Tekesbayeva A.M.</i> The value of oratorical words in the formation of pupils' communicative competence	99
<i>Shalgynbayeva K.K., Suleimen A.M.</i> The role of generic pedagogy in preserving the continuity of generations	105
<i>Sholpankulova G.K., Baitikbai G.</i> Experience in developing motor skills of children with special educational needs	112

PSYCHOLOGY

<i>Abdigaliyev Y.B., Aikinbayeva G.K.</i> Factors leading to professional burnout syndrome in nurses	121
<i>Balabayeva A.K., Chernikova T.V., Kassymzhanova A.A.</i> Labor values as motivating factors of labor activity of the employees of the pharmaceutical enterprise	130
<i>Barabanova Y.I., Dergachyova Y.V., Matskevich I.K., Stelmakh S.A.</i> Model of psychological support of oncological patients in the conditions of hospitalization	139

SOCIOLOGY

<i>Baigabylov N.O.</i> Hero of the «Three Zones» movement – Takman	152
<i>Seidumanov S.T., Sapargalikyzy Zh.</i> Manifestation of professional integration in double female employment	161

СОДЕРЖАНИЕ

ПЕДАГОГИКА

<i>Абдимомынов Е.Б.</i> Современные технологии образования: традиционный метод и новый взгляд (на основе изучения рассказов М. Ауэзова в вузах)	8
<i>Абдыхалыкова Ж.Е., Нурмуханбетова А.Н.</i> Сравнительный анализ тьюторского сопровождения студентов в мировой системе высшего образования	21
<i>Бейсенбаева Б.А.</i> Использование телепередач, онлайн-видеоматериалов и видеоподкастов на занятиях английского языка	38
<i>Джумажанова Г.К., Татиева М.Е.</i> Цветовые решения и практические особенности обучения в «технике Абиляхана Кастеева»	46
<i>Дуйсекова К.К., Михайлова Т.В.</i> Интегрированный междисциплинарный подход как основа трёхязычного образования	57
<i>Жекибаева Б.А., Калимова А.Д.</i> Оценка состояния подготовки будущих учителей к интегрированному обучению в начальной школе	66
<i>Какимова Л.Ш.</i> Национальное сознание и культурные ценности в высшем художественном образовании в контексте национальной идеи «Мәңгілік ел»	77
<i>Сагиндыков К.М., Менлибекова Г.Ж., Мукушева Н.Ж.</i> Андрагогические основы формирования компьютерной грамотности взрослых	85
<i>Самуратова Т.К., Наурызбаева А.</i> Особенности использования традиционных способов в организации современной городской среды	92
<i>Текесбаева Г.М., Текесбаева А.М.</i> Значение ораторских слов в формировании коммуникативной компетенции учащихся	99
<i>Шалгынбаева К.К., Сулеймен А.М.</i> Роль народного воспитания в сохранении преемственности поколений	105
<i>Шолпанкулова Г.К., Байтикбай К.</i> Опыт по развитию моторных навыков детей с особыми образовательными потребностями	112

ПСИХОЛОГИЯ

<i>Әбдигалиев Е.Б., Айкинбаева Г.К.</i> Факторы, приводящие к синдрому профессионального выгорания у медсестер	121
<i>Балабаева А.К., Черникова Т.В., Касымжанова А.А.</i> Трудовые ценности как мотивирующие факторы трудовой деятельности сотрудниц фармацевтического предприятия	130
<i>Барбанова Е.И., Дергачёва Е.В., Мацкевич И.К., Стельмах С.А.</i> Модель психологического сопровождения онкологических больных в условиях госпитализации	139

СОЦИОЛОГИЯ

<i>Байгабылов Н.О.</i> Батыр движений «Уш аймак» - Такман	152
<i>Сейдуманов С.Т., Сапаргаликызы Ж.</i> Проявление профессиональной интеграции в двойной занятости женщины	161

ПЕДАГОГИКА PEDAGOGY



XҒТАР 14.09.03

Е.Б. Абдимомынов

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: edil889@mail.ru)*

Білім берудің қазіргі технологиялары: дәстүрлі әдіс пен жаңаша көзқарас (ЖОО-да М.Әуезовтің әңгімелерін оқыту негізінде)

Аңдатпа. Мақалада қазіргі жоғары оқу орындарында білім беру ісінде кеңінен қолданылып келе жатқан оқыту технологияларының дәстүрлі әдістемелері заманға сай жаңаша көзқараста жан-жақты талданып қарастырылады. Қазіргі педагогика ғылымының әдістеме саласының тарихы туралы тың тұжырымдар жасалынып, Алаш қайраткерлерінің әдістемелік мұралары қазіргі технологиялық талаптарға сәйкестендіріле отырып сараланады.

Сонымен қатар, ұлы жазушы М.Әуезовтің көркем әңгімелерін жоғары оқу орындарында оқытудың мәні мен маңыздылығы қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан ғалымдардың еңбектерімен ғылыми негізде жүйеленіп талданады. Ол үшін әдебиет тарихында бүгінгі күнге дейін қалыптасқан прозалық шығармаларды талдаудың дәстүрлі әдістері зерттеу нысанына алынып жаңаша көзқарастар тұрғысынан зерделенеді. М.Әуезовтің көркем әңгімелер жазуда қолданылған автоцензуралық тәсілі туралы да тың ойлар айтылып, әрбір әңгімесі фабулалық түрде талданады. Нәтижесінде жоғары оқу орындарында М.Әуезовтің әңгімелерін талдап-оқытудың әдістері ұсынылып, заманға сай интерпретацияланады. Ұлы жазушының шығармаларын жоғары оқу орындарында жаңа технологияларды қолдана отырып оқытуды оның көркем әңгімелерінен бастаудың ерекшелігі мен маңыздылығы туралы да тың тұжырымдар жасалынады.

Түйін сөздер: технология, оқыту, әдістеме, әңгіме, талдау, прозалық шығарма, автоцензура.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2019-127-2-8-20>

Кіріспе. Бүгінде еліміздің жоғары оқу орындарында заманға сай мамандар дайындау барысында ұдайы бір ғана технологиямен дәріс жүргізу, сол арқылы оларды білім нәрімен сусындату мүмкін емес. Өйткені, қазіргі уақытта еліміздің білім беру саласы қоғамның әлеуметтік сұранысына байланысты әлемдік білім беру кеңістігіне ену мақсатында бірнеше ауқымды өзгерістерді өткеріп отыр. Жаңа заман талабына сай білім беру қызметінің мазмұны мен құрылымының теориялық, практикалық негіздері жаңаша құрылып, білім мазмұны толықтай жаңаруға бет алды. Жоғары оқу орындарының білім беру үрдісінде жаңа технологиялар көптеп еніп, жас ұрпақты сапалы оқытуға ереше назар

аударылып отыр. Республикамыздың жоғары оқу орындарындағы педагогикалық ұжымдар өздерінің қалауына сәйкес оқу бағдарламаларын әзірлеп кез келген үлгі бойынша қызмет етуге мүмкіндік алуда. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар пайда болып, түрліше оқу әдістеріне толы жаңа технологияларды кеңінен қолдануға мүмкіндіктер тууда.

Осыған орай, қазіргі таңда жоғары оқу орындарында мамандар дайындауда сын тұрғысынан ойлауды дамыту, модульдік оқыту, дамыта оқыту, ақпараттық технология, интерактивті оқыту, білім беруді ізгілендіре оқыту, ұжымдық оқыту, жекелей оқыту, топтық оқыту, қатысымдық оқыту, жобалап оқыту, проблемалық оқыту, сатылай кешенді талдау және т.б. оқыту технологиялары кеңінен қолданылуда. Әр технология өзіндік тиімділігімен ерекшеленеді. Аталмыш оқыту технологияларының басты мақсаты – оқытудың тиімділігін арттыру, білім беру үрдісін зерттеу негізінде түрлі амалдар мен әдістердің тәсілі мен дидактикалық талаптарын оқу үрдісінде жүзеге асыру және бағалау, бағдарламалаудың жүйелі тәсілін қолдану. Жинақтап айтқанда оқу-тәрбие үрдісінің шығармашылықпен терең ойластырылған көптеген факторлардың үйлесімділігін оқу мен тәрбиелеудің тиімділігін қамтамасыз ету. Осы оқу мақсаттарының негізінде ХХІ ғасыр адамының табысты болуының ең іргелі, басты факторы «білім» болып қала бермек. Сондықтан, қазіргі таңда педагогика ғылымының әдістеме саласы қарқынды даму динамикасын көрсетіп, жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде өз маңыздылығын арттыра түсуде. Алайда қоғамдық өмір мен білім, ғылым саласындағы көрініс тапқан сан-салалы сапалық өзгерістер, жаңарулар, жаңалыққа бетбұрыстар педагогтерді өз істеріне сын көзбен қарауға итермелеуде. Сол себепті қазіргі қоғамдық және жаратылыстану ғылымдары саласында оқыту технологиялары мен оларды жан-жақты қолданудың жиынтығы болып отырған оқу әдістемелері өзіндік зерттеу нысаны мен алдыға қойған нақты мақсаттары бар жеке дара ғылым саласы екендігіне кейбір педагогтар мен ғалымдардың сын көзбен қарайтын көзқарастары қалыптасқан. Көпшілік жағдайда мұндай пікірді қолдаушылар негізінен практик емес теоретик ғалымдар мен ұстаздар болып табылады. Өкінішке орай, осы тұста әрбір ғалым, әрбір ұстаз өздерінің әдіскер-теоретик пен қатар әдіскер-практик екендіктерін ескере бермейді. Себебі кез келген педагог-ғалым шәкірт тәрбиелеу мен оқыту ісінде түрлі әдістемелерді қолданады. Олардың аттарын ерекше атап, түстеп көрсетпегенімен, кез келген педагогтің білім беру ісіндегі қолданылатын тәсілдерінің ішкі мазмұны технологиялық, әдістемелік элементтерге сәйкес орындалады. Негізінде көпшілік жағдайда әлемдік білім беру кеңістігінде білім саласындағы түрлі реформалар өзіндік жаңашылдықтарын оқу әдістері мен технологияларына қатысты өзгертіп отырады. Біздің елде де солай. Бір кездері тиімді озық үлгі болған әдістер мен тәсілдер уақыт өте келе, қоғам дамып өзгерген сайын өз маңыздылығын біртіндеп азайтын, тарих қойнауына схоластикалық жүйе ретінде ене бастайды. Ал олардың орнын түрлі реформалану арқылы келген жаңа технологиялар мен әдістер басып, заман талабына сай толықтырып, жаңғыртып тұрады. Мәселен, кешегі кеңестік кезеңде озық деп танылған тың технологиялар мен әдістерді бүгінде біз схоластикалық жүйедегі білім беру әдістері деп қарастырып келеміз. Қазіргі жоғары оқу орындарында бұл жүйенің орнын кредиттік оқыту жүйесі алмастырған. Ғасырлар тоғысында түйісіп әр қайсысы өз уақытының сұранысына сай белгіленген функцияларын орындауды мақсат еткен бұл екі жүйенің де өз тиімділіктері мен жетістіктері жетерлік. Сондықтан, қоғамдық сұраныстың қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған оқу жүйелерін бір-бірімен салыстырып, олардың өзіндік басымдықтарын алға тартып, бірін озық бірін тозық деп қарама-қарсы қойып сыни ой-пікірлер қалыптастырудың өзі ғылыми көзқарас тұрғысынан қарағанда құптарлық дүние емес.

Қойылған міндеттер:

- Жоғары оқу орындарында білім беру ісінде қолданылып келе жатқан оқыту тех-

нологиялардың тиімділігін айқындап, ғылыми тұрғыда жан-жақты саралау;

- Педагогика ғылымы тарихындағы «әдістеме» саласының қалыптасуы мен дамуының алғышарттарын айқындау;

- Қазіргі оқыту технологиялары негізінде жоғары оқу орындарында М.Әуезовтің көркем әңгімелерін оқытудың ерекшеліктері мен басымдықтарын саралау;

- Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінде қалыптасқан прозалық шығармаларды талдаудың дәстүрлі әдістерін жаңаша көзқарас тұрғысында саралау.

Мақсаты. Жоғары оқу орындарында білім берудің қазіргі технологиялары негізінде М.Әуезовтің әңгімелерін оқытудың тың тәсілдерін қарастырып, жаңаша көзқарастар қалыптастыру.

Тақырыптың зерттелу тарихы. Егер педагогика тарихына тереңінен үңілсек оқу әдістерінің тарихы «білім», «оқу», «оқыту» ұғымдары пайда болып халыққа кеңінен таратыла бастаған кезден бері қолданылып келе жатқандығын аңғарамыз. Мәселен, адамзаттың екінші ұстазы атанған Әбу Насыр әл-Фараби алғашқы болып педагогикалық ықпал ету әдістерін ұсынған, оның тиімділігін, қолдану жолдарын дәлелдеп, білім сапасын арттырудың мүмкіндіктерін көрсеткен өз еңбектерінде сапалы білім алу үшін тәрбиелеушілерді екі топқа бөлген. Бірінші топ – өз еркімен білімді меңгеруге ұмтылушылар. Оларды оқытудың жеңілдігін, олардың өздеріне сенім арту керектігін ерекше атап көрсеткен. Екінші топ – амалсыздан оқитындар. Ондай оқушыларды қатаң қадағалап оқыту дегенді ұсынған, яғни білімнің сапасы оқытушының қандай әдіс-тәсілдерді қолданып оқытуына тікелей қатысты екендігін дәлелдейді. Демек, оқу әдістерінің тиімділігі мен маңызы сонау Әл-Фарабидің еңбектерінен басталады деп айтуымызға толық негіз бар. Оқыту мен білім беруде ежелден қалыптасқан осы әдістемелік үрдіс ғасырлар бойы ұрпақ тәрбиесімен айналысып келген ұстаздардың еңбектеріне арқау болды. Ұлттық руханиятымызда дүмпу жасап, педагогикалық қызметтің озық үлгісін көрсеткен ХІХ ғасыр аяғы мен ХХ ғасыр басындағы ұлтымыздың қайраткер ұлдары мен ұстаз-ғалымдары Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, М.Жұмабаев, Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Қараш, Қ.Жұбанов және т.б. өздерінің еңбектеріне қосымша ретінде оларды теориялық, практикалық тұрғыда меңгерудің жолдарын көрсеткен әдістемелік нұсқауларды қатар баспадан шығарып, әдістеме саласына қатысты ғылыми пікірлерді қалыптастырған. Мәселен, Ы.Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы», А.Байтұрсынұлы «Баяншы», «Нұсқаушы», «Әліппе астары», «Қай әдіс жақсы», Ж.Аймауытов «Педагогика», «Ана тілін қалай оқыту керек», М.Әуезов «Қайсысын қолданамыз?», «Новый ауыл» 2-книга для чтения по русскому языку для казахских детей, школ I ступени», «Қазақ шаруа жастар мектебіне арналған программа және түсінік хаттар», «ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетін оқу кітабы», М.Жұмабаев «Педагогика», «Бастауыш мектептегі ана тілі», Б.Майлин «Шала сауаттылар үшін оқу кітабы (сауаттылығы төмендерге арналған оқу кітабы)», «Күш» сауаттылығы төмендерге арналған оқулық, «Жаңаша оқы және жаз», Ғ.Мүсірепов «Сауатсыздарға арналған әліппе», Ғ.Қараш «Педагогика», Қ.Жұбанов «Қазақ тілі грамматикасы», «Жаңа грамматика» деген еңбектерінде әдістемелік ғылыми қалыптасуындағы маңыздылықтарына айрықша тоқталып өткен.

«Елді түзеуді әуелі бала оқыту ісін түзетуден бастау керек» деген идеяның негізінде педагогикалық еңбектер жазып, ғасырдың жүгін арқалаған осынау қайраткерлеріміздің әдістемелік мұраларын танып-білудің де маңызы зор. Белгілі әдіскер-ғалымдар Ф.Ш.Оразбаева мен Р.С.Рахметова аталмыш қайраткер ұстаздарымыздың педагогикалық-әдістемелік мұраларын жіті саралай келіп А.Байтұрсынұлының әдістемелік мұраларын «Танымдық-тағылымдық технологиясы», М.Жұмабаевтың әдістемелік мұраларын «Дара тұлғаны қалыптастыру технологиясы», Ж.Аймауытовтың мұраларын «Пәнаралық

байланыс арқылы ынталандыра оқыту технологиясы», Қ.Жұбановтың еңбектерін «Дамыта оқыту технологиясы» деп атауды ұсынып, оны ғылыми негізде дәлелдеп берді. Аталмыш ғалымдардың пікірінше сол кездегі арыстарымыз оларды «технология» деп арнайы түрде айдар тағып атамаған. Бірақ қазіргі технология түрлерінің ішкі мазмұны мен талаптарын, басты белгілерін сол кездің өзінде саралап, негізгі идеясын баяндаған [1, 6]. Сондықтан, аталмыш Алаш арыстарының әдістемелік ой-пікірлерін танымдық тұрғыда талдап, жинақтай келгенде «технология» деп атауға болады. Демек, бүгінгі біз жаңа деп атап жүрген педагогикалық технологиялардың ғасырлар бойы жүріп өткен жолы, бағындырған белестері бар екендігі жоғарыда айталған деректермен нақтылана түседі. Оларды саралап қарағанда әр уақытта ұрпақты тәрбиелеу мен оқытуда тиімді жолдарды ұсынып отыратын педагогикалық технологиялардың тамыры тым тереңде екендігін аңғарамыз. Осы тұрғыдан қарағанда, ендігі уақытта әдістемелік технологияларда өзіндік ғылыми қырлардың бар екендігі тұрақты аксиомаға айналуы қажет деп ойлаймыз. Ал осы саланың төңірегінде түрліше айтылып жүрген сын пікірлерді ғылыми талқылаудан туған түрлі көзқарастар деп бағалағанымыз орынды. Тегінде ұлы ұстаз А.Байтұрсынұлының «Сапалы оқытудың кілті – іздену, тиімді әдістерді тауып, пайдалана білу» [1, 6 б.] деген ой-пікіріне басымдық бергеніміз абзал.

Заманауи технологияларды қолданылмай педагогика ғылымы қарыштап қанат жая алмайтындығы анық. Білім берудің мазмұны жаңарып жатқан қазіргі оқу үрдісіне оқыту технологиялары мен қатар жаңаша оқыту парадигмалары да еніп отыр. Мұның өзі білімге деген жаңа көзқарас пен басқаша қарым-қатынас орнауын міндеттейді. Осы міндеттерді орындауда қазақ әдебиетінің классигі ұлы жазушы М.Әуезовтің шығармашылығын бүгінгі күн тұрғысынан заманға сай интерпретациялап оқытудың маңызы ерекше болмақ. Ұлттық әдебиетіміздің тау тұлғалы алыбының шығармаларын бүгінгі білім беру технологияларын қолданып, қазіргі білім беру парадигмаларының басымдықтарына сәйкестендіре отырып оқытқанда да жазушының көркемдік әлемі бүгінгі ұрпақтың көңіліне қонымды болары сөзсіз. М.Әуезов сан қырлы интеллектуал жазушы болағандықтан оның шығармаларын оқытуда антропоэзектік, гуманистік, когнитивтік, мәдениеттанымдық, құзыреттілік және білімді интеллект дамытудың қайнар көзі ретінде игерту секілді білім берудің түрлі парадигмаларын қолданғанымыз жөн. Бұл өз алдына бөлек талдаулар мен түсініктерді беруді талап ететін өзекті мәселе. Біздің қазіргі жағдайда қарастырып отырғанымыз ұлы жазушының көркем әңгімелерін білім беру технологиялары негізінде оқытудың мүмкіндіктерін айқындауға арналғандықтан аталмыш мәселеге кеңінен тоқталмадық.

Сонымен, классик жазушының көркемдік әлемін жастарға жете түсіндіру үшін ең алдымен оның көркем әңгімелерін қазіргі білім беру жүйесіндегі технологиялардың талаптарына сай талдап, таратып оқыту орынды. Олай дейтініміз ұлы жазушының роман-эпопеялық деңгейге көтеріліп, адамзат мәдениетінің алтын қорына кірген үздік прозалық шығармасының алғашқы баспалдақтары мен жазушылық шеберлігі тұңғыш рет көркем әңгімелерінен көрініс берген. Жоғары оқу орындарының студенттеріне жазушының әңгімелерін оқытқанда олардың тек мазмұнын ғана емес, ең бастысы, оның негізгі проблематикасын, жазушының идеялық-эстетикалық мұратын, сол жолдағы табысы сөз етілуі қажет. Сюжетті мен композициялық тұтастығы, тіл көркемдігі, характерлердің жасалу жолдары айналасындағы еңбекте негізгі мәселелер. Әдеби-теориялық ұғымдарды тереңдету, хикая, прототип, кейіпкерлердің психологиялық жай-күйі, сюжет, композиция, суреттеу, портреттеу, баяндаулар туралы да түсініктер беру сабақтың басты мақсаттарының бірі болып табылады [2, 103 б.]. Бұл мақсатқа әдеби талдау жұмыстарын жүргізу арқылы қол жеткізуге болады.

Қазіргі таңда жаңаша білім беру жағдайында ЖОО-да әдебиет сабақтарында қолданылып келе жатқан оқыту технологияларының көздеген негізгі мақсаты мен әдебиетті

оқыту әдістемесі ғылымының өзекті мәселесінің бірі көркем шығарманы талдау болып отыр. Сондықтан, білім берудің қазіргі қолданыстағы парадигмалары негізінде пәндерді меңгерту мен шығарманың көркемдік деңгейін танытуда талдау әдісінің алар орны айрықша мәнге ие болып келеді. Өйткені, көркем шығарманың мән-маңызы, көркемдік-эстетикалық, рухани-этикалық қуаты талдау нәтижесіне байланысты ашылады, сонда ғана сабақтың мақсаты толықтай орындалмақ.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымында бұл мәселе, яғни көркем шығарманы талдау туралы ой пікірлер 1930 жылдан қазақ әдебиеті дербес пән ретінде оқытыла бастағалы, оқу бағдарламалары, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар шығару жұмысы қолға алынғалы бері өзекті мәселе ретінде айтылып келеді.

Бұл туралы А.Байтұрсынұлы, М.Жолдыбайұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Әуезов, Ә.Үсенов, М.Қаратаев, Ш.Кәрібаев, А.Көшімбаев, Ә.Қоңыратбаев, Т.Ақшолақов, Қ.Тасболатов, Ә.Дайырова, С.Тілешева, С.Қалиев, Т.Жұмажанова, Б.Әрінова, Г.Құрманбаева, Б.Сманов сынды т.б. әдіскер ғалымдардың жазған еңбектерінде (оқулық, оқу құралдары, оқу-әдістемелік жұмыстар, монографиялар) құрастырған оқу бағдарламаларында аталынып, шығарма талдау жайы жөнінде құнды пікірлер айтылды [3, 57].

Осыған орай, ЖОО-да М.Әуезовтің көркем әңгімелерін оқытуда әдебиеттану ғылымында қалыптасқан прозалық шығармаларды талдаудың негізгі қағидларына сүйене отырып әдеби талдау әдісін барынша кең қолданғанымыз орынды. Себебі, әдеби талдау шығарманы ғылыми зерделеудің маңызды әдісі болып табылады. Ал шығарманы ғылыми зерделеу дегеніміз ауқымы кең жұмыстың бірі. Осы әрекетті орындау барысында көркем шығарманы талдағанда ең алдымен, шығарма жазылған кезеңдегі нақты-тарихи контекске назар аударған дұрыс. Бұл ретте тарихи және тарихи-әдеби жағдайлар түсінігін ажырату керек. Тарихи-әдеби жағдайларға:

- Сол дәуірдің әдеби бағыттары;
- Басқа авторлардың осы кезеңде жазған шығармалары арасында осы шығарманың алар орны;
- Шығарманың жазылу тарихы;
- Әдеби сындағы шығарма туралы пікірлер;
- Осы шығарманы суреткер замандастарының құбылтуы;
- Заманауи оқырманның шығарманы қабылдауы және бағалауы жатады.

Осыдан кейін шығарманың идеялық-көркем тұтастығы, оның мазмұны мен формасы (автордың айтқысы келгені және оны жеткізе білу деңгейі) мәселелерін қарастыру керек [4, 97 б.].

М.Әуезовтің алғашқы прозалық шығармалары, яғни көркем әңгімелерін ғылыми зерделеп талдағанда да ең алдымен сол заманның тарихи контексіне назар аударғанымыз жөн. Бүгінде жазушының әңгімелерін ғылыми-теориялық таным тұрғысынан шартты түрде 1920 жылдары қарапайым ауыл өмірі мен сондағы амдардың тұрмысын тереңінен суреттеп жазған әңгімелері және 1930 жылдардағы жаңа қоғамды, ұжымды суреттеп жазған әңгімелері деп үлкен екі топқа бөліп қарастыруымыздың түбінде де сол заманның тарихи-әдеби панорамасының контексті жатқандағы белгілі. Сол дәуірде ұлттық әдебиетіміздің жаңа еуропалық деңгейге жеткендігінің нәтижесінде қазақ әдебиетінде жаңа әдеби бағыттар пайда болды. Қазіргі таңда біз жалпы әдебиеттанудағы негізгі бағыттарды 9 түрлі топқа жіктеп оқытып келеміз. М.Әуезовтің көркем әңгімелері негізінен осы тоғыз бағыттың ішіндегі 3 бағытта, яғни социалистік реализм, модернизм, және сыншыл реализм бағытында жазылған. Алғашқы «Қорғансыздың күні», «Кінәмшіл бойжеткен», «Оқыған азамат», «Қаралы сұлу» секілді әңгімелері сол кезеңде қоғамдағы рухани құндылықтардың өзгеруін суреттеп модерндік бағытта жазылса, кейінгі 1930 жылдары жазған «Білекке-білек», «Қасеннің құбылыстары», «Үш күн», «Шатқалаң» және т.б. әңгімелері социалистік

реализм мен сыншыл реализм бағытында жазылған көркем әңгімелер. Жазушының қаламынан туған аталмыш әңгімелерді ғылыми көзқараста тыңғылықты талдағанда аңғаратынымыз оларда көтерілген басты мәселелер негізінен сол кезеңдегі қоғамдағы нақты жағдайларды бірде ашық ал бірде астарлы мағынада суреттеумен ерекшеленеді. Мұның өзі сол кезеңдегі ұлттық мүдде үшін күрескен барлық Алаш зиялыларының басынан өткерген қасіреттің бір көрінісін айқындайды. Қазіргі кезде біз сол арыстарымыздың кейде ашық, болмаса астарлы мағынада қалам тербеп кеткен бұл көркемдік үрдістің әртүрлі қоғамдық өзгерістерге сай даму ерекшелігін ашу жаһандану кезеңіндегі әдебиеттану үшін ең өзекті мәселелердің бірі деп қараймыз. Сондықтан, М.Әуезовтің XX ғасыр басында жазған көркем әңгімелеріне тарихи-әдеби талдаулар жасағанда сол замандағы қоғамдық өзгерістер мен тарихи жағдайларды қатар қарастыра отырып зерделейміз.

Аталмыш кезеңдегі қоғамдық құбылыстарға қысқаша тоқталып, талдаулар жасағанда қазақ елінің тарихында XX ғасырдың алғашқы ширегі ауықымды саяси, экономикалық, мәдени, әдеби, әлеуметтік өмір саласында зор өзгерістер алып келген айрықша кезең екендігіне көз жеткіземіз. Үш ғасырға созылған отаршылдық қамыттың бұғауынан босауды мақсат тұтып, «Керегеміз – ағаш, ұранымыз – Алаш» деп атой салған жылдар да осынау дүрбелең кезеңнің еншісінде. Елдік сананың ояну дәуіріне айналған сол заманда халқымыздың өмірінде үлкен рухани серпіліс болып, бүкіл қазақ зиялылары таптық емес, ұлттық мүддедегі мемлекет құру жолында қайраткерлік танытып күресті [5, 10]. Ұлтымыздың жарқын болашағы үшін отаршылдардың бодандық қамытынан босануды ниет етіп ішкі бұлқыныстан туған бұл күрес бірнеше жылдарға созылып ұлттық болмыста бірде ашық, бірде астыртын түрде көрініс беріп отырды. Көпшілік жағдайда ел руханиятына осы күрестің екіншісі түрі, яғни астыртын түрдегі көрінісі қуатты түрде әсер етті. Оның бірден-бір көрінісі ретіндегі сипатын елімізді миссионерлік саясат арқылы отарлауды көздеген алып империяның жүргізген сұрқия саясатына ұлтымыздың зиялы қауым өкілдерінің берген қарымтасы деп бағаласақ орынды болмақ.

Ұлттық мүдде жолында өзара талас пен тартысқа толы мұндай күресті Кеңес үкіметінің тұтқасын ұстаған орыс халқының өкілдерімен қызметтес болып, олардың негізгі ұстанымдарының тарихымен жете таныс болған ұлт көсемі А.Байтұрсынұлы «Ұлтшылдық пен отаршылдық тартысы, орыс мәдениеті мен қазақ мәдениетінің теңескенге дейін арылмайтын ұзақ дерт» - деп ерекше атап көрсетті. Халықтар арасындағы мәдениеттер тартыстары жайында мұндай идеяны көтергендері үшін Алаш қайраткерлері қуғынға түсіп, қазақ ұлтының қас дұшпаны болып көрсетіліп, олардың шығармаларына тыйым салынды. Ұлттық санаға қатысты жазылған барлық шығармалары қатаң цензураға алынып, авторлары нақақтан-нақақ қуғынға ұшырады. Нәтижесінде, кеңес үкіметі құлап, компартия билігі құрығанға дейінгі жетпіс жыл бойы әдебиет пен өнер, гуманитарлық ғалымдардың барлығы марксизм-ленинизмнің аузына қарап тынды. Дегенмен, осынау қиын-қыстауға толы кезеңде қазақ қаламгерлері саясаттан қашу, тоталитаризм құрығынан құтылу үшін шыншыл сөз өткізудің сан алуан әдістерін тапты. Ол үшін бүгінгі тақырыптардан кетіп, тарих қойнауына сүңгіді, астарлы, емеурін ой айту амалдарын меңгерді, сөз өнерінің табиғатына жат сарындардан безді. Көкейкесті сырларды бейнелі, суретті, ишара сырлы сөзбен айта білген үздік шығармалар халық махаббатына бөленді, ұлттың рухани игілігіне айналды, еліміздің тұрмыс-салтын, тарихын, мінез-құлқын өзге жұрттарға таныстырды. Белгілі ғалым Р.Нұрғали осынау дәуірдің сырлы сипатын суреттеген өз ойын «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті – ұлттық өнердің алтын ғасыры, ол туралы айтылар сөз ұзақ болмақ» [6, 6] - деп түйіндейді. Ал, белгілі әдебиетші ғалым Ө.Әбдиманұлы «XX ғасырдың басы – қазақ халқының тарихында бүкіл қоғамдық ой-пікірдің өрлеуіне мүмкіндік туып, Ресей патшалығы әдейі тұмшалаған ой-сананың ояну дәуіріне жол ашқан кезең» [7, 12 б.] - деп осы кезеңнің өзгешелігін ерекше атап көрсеткен.

Зерттеу әдістері. Мақалада тандалған материалдар мен көзқарастар алдыға қойылған келелі мақсаттарға қол жеткізу тәсілдерінің негіздемесі ретінде қазіргі Әуезовтану саласы бойынша жүргізіліп жатқан іргелі зерттеулер мен ғылыми нәтижелер басты назарға алынды.

Алдыға қойылған мақсат-міндеттерді жүйелі түрде шешу бағытында М.Әуезовтің шығармашылығына қатысты түрлі дереккөздер мен құнды мәліметтердің, қолданылған әдебиеттердің негізінде жинақтау, даралау, бақылау, баяндау, зерделеу, талдау, салыстырмалы-талдау, объективті-саралау, сұрыптау, жүйелеу, дәйектеу, тұжырым жасау, ой қорыту мен ақпаратты өңдеу, интерпретациялау және т.б ғылыми әдіс тәсілдер желісінде жүзеге асырылды. Зерттеу методологиясы объективтік, тарихилық, жүйелілік, салыстырмалық, тұжырымдау, тақырыптық ғылыми таным принциптеріне негізделіп, ғылыми мақалалар жазудың талаптарына сәйкес жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері. Жоғарыда аталған зерттеушілердің пікірлерін қорыта айтқанда ХХ ғасырдың бастапқы кезеңі ұлт зиялылығы мен қаламгерлерінің ұлттық сананы ояту жолында сан қилы қыспақты жолдан өтіп, империялық биліктің саясатына қарсы астыртын әдістерді қолданып, автоцензуралық тәсілмен өз шығармаларын жазғандығын аңғарамыз. М.Әуезовте осы бағытты ұстанған бірегей қаламгер ретінде өз шығармаларын жазуда автоцензуралық тісілге көшкен. Автоцензура немесе самоцензура деп аталатын әдеби тәсілді жазушы, көбінесе, өзі суреттеп отырған кезеңнің бар шындығын сол қалпында баяндап беруге, белгілі бір кезеңнің саяси-әлеуметтік талабына орай ашық айта беруге жол берілмеген тұста қолдануға мәжбүр болады. Бүгінгі әдебиеттану ғылымында автордың өзінің тар жол, тайғақ кезеңге толы өмір жолында танып білген кейбір шындық болмысының қабаттарын өз қалпында суреттеп беруден бой тартып, кейде тезистік желіде, бірде автоцензуралық тәсілге салып беруге ықтиярсыз келген тұстары ұшырасуы заңды құбылыс ретінде қарастырылады. Ал, жалпы автоцензуралық тәсілді қай жазушы болса да жетіскенінен қолдана бермейді. Мысалы, атақты неміс ақыны Иоганнес Р. Бехер өзінің эстетикалық ой-танымдарын жинақтаған «Опыты» деп аталатын қолжазбасы басылып, ХХ съезі қорытындаларынан туған жеке адамға табыну туралы сыншыл ойларының біразын сызып, қысқартып, өзіне-өзі цензура жасап шығарғаны бар. Иоганнес Р.Бехердің автоцензурасы өзі қайтыс болған соң бұрынғы ГДР-де «Зюга унд форм» журналында жарияланған.

М.Әуезовте де өз ойында қорытып сомдалған өмір шындығының аса күрделі көрінісін сол қалпында дәл бере аламауы себепті, ойларының ең өзекті деген тұстарын қалдырып, оқырман қауымға «ымды білмеген дымды білмейді» деген меңзеумен ғана білдіретін астарлы қабаттар бар. Бұларды жазушы шығармаларын текстологиялық тұрғыдан зерттей келіп, канондық тексін қалыптастыру үстінде зерттеуші ғалымдар мәселеге аса сергек қарап талдай отырып ашпаса, кез келген кісі оған даярлықсыз бара алмайды. Бүгінгі күннің тұрғысынан саралағанда М.Әуезовтің қоғамдағы түрлі жағдайларды автоцензуралық тәсілмен көркем суреттеп жазған әңгімелеріне «Қорғансыздың күні», «Кінәмшіл бойжеткен», «Оқыған азамат», «Жетім», «Қасеннің құбылыстары» және т.б. жатқызуға болады. Мәселен, «Қорғансыздың күні» әңгімесінде Ғазиза қыздың ауыр трагедиялық тағдырын сол кездегі қазақ қоғамындағы адамдардың бір-біріне көрсеткен озбырлықты Ақан болыс пен, атқосшы жолдасы Қалтай секілді кейіпкерлердің образдарын суреттеу арқылы шебер баяндайды. Автор «Сезімді адамның жүрегін шаныштырып тіксіндіретін, түңілтетін көрнеу жауыздықтар, ауыр халдер Ақанға көп әсер бере қойған жоқ. Күндегі өмірінде бұл секілді талай жауыздықты көріп, өзі де сондайлардың ішінде болып жүргендіктен, мына естіп отырған сөзінің бәрі көңіліне таныс, таңғаларлық шамасы

жоқ. Оқып кеткен сабағы секілді болды» [8, 21] - деп кейіпкерлердің пікірлері мен іс-әрекеттерін өзара қарама-қайшы қою арқылы адамдар арасындағы арсыздық, адамшылық қасиеттің төмендеуі секілді халқымызға жат әдеттердің орын алып жатқандығын көрсетеді. Тегінде шығарма ойы ұлы Абайдың «Бірінді қазақ бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» деген философиялық ауқымы терең идеясына келіп тоқтағандай болады. Жазушының осы әңгіменің басты идеясы етіп отырған ойы солақай саясаттың салдарынан ауыр жағдайға душар болған қоғамда адамдар бір-біріне мейіріммен қарап, өзара көмек қолын созып қиындықтан шығар жол таппаса Ғазиза қыздың күйін кешіп кетуіміз әбден мүмкін екендігін астыртын түрде ескертеді.

Ал «Оқыған азамат» әңгімесінде көтерген басты тақырыбы - қоғамдағы өзгерістердің ел өміріне тигізген ықпалымен ұлттық дүниетанымның бүлінуі болса, басты идеясы жаңа қоғамға оқу арқылы бейімделген адамдардың ұлттық болмысқа, салт-санаға жат әрекеттер жасамай керісінше оқу-білімді ел игілігіне жаратып қазақы қалыпқа салуы қажет екендігімен ерекшеленеді. Оны автор Мейірханның образын бейнелеу арқылы шынайы суреттеп түсіндіреді. Осыған орай, шығарманың тұтастай мазмұны белгіленген тақырып пен басты идеяны ашуға құрылған.

Әдебиеттегі модернистік сипатта жазылған «Кінәмшіл бойжеткен» әңгімесінде автор Ғайша сынды трагедиялық пенденің басындағы кереғар қайшылығын жайып салып, оны сол кездегі қоғамдағы келеңсіздіктер құрбанының бейнесі іспетті суреттейді. Бұл шығарманың да басты идеясы халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани игіліктерінің күйреуі әңгімеде Ғайша қыздың жас жігіттердің бірінен соң бірімен көңіл қосып бір сәттік тән рахатын ғана ойлап, ұлттық салт-санамызға оғаш қылықтар көрсетуімен баяндалады. Ол туралы автор «Бұдан кейін екі-үш жыл өтті... Арада Ғазизден басқа екі нөмір өтті... Бұлар қазақ жігіттері еді. Біреуі босаң, олақтау шәкірт еді, ол биші болатын. Бірақ Ғайшаны күннің көзінен де қызғанатын болды. Өзінде өткір қылық аз болса да, сүйісуі мен құмарлығы тым мол болып, таусылмайтын ұзақ ертегі тәрізденіп жалықтырып еді... Екіншісі қызметте жүрген, кексе тартып қалған, жақсы киініп, жақсы майланатын қулығы, орамы мол күлдіргілеу жігіт еді. Оның алдауы мен шырғасы көбейе берді... Сондықтан Ғайша одан да жалықты. Бұл екі жігіттің алғашқысын Ғайша дертті қылып тастап еді. Соңғы айырылғанына қиналмаған сияқтанды. Бұлай болғаны жас қызды бұрынғылардан гөрі аз өкіндіріп кетті» [8, 139 б.] -деп баяндайды. Мұның өзі қазақ қоғамында әлімсақтан қалыптаспаған, салт-дәстүрі мен ұрпақ тәрбиесінде орын алмаған, ұлттық құндылықтарымызға қарама-қайшы дүние болатын. Әңгімеде жазушының көрсеткен ел ішіндегі рухани құндылықтардың бүлінгендігінің бір көрінісі де осы еді.

«Қасеннің құбылыстары» деп аталатын психологиялық жағдаятқа толы әңгімесінде автор қазақтан шыққан үкіметтің жергілікті басқару аппаратында жұмыс істейтін кеңсе қызметкері Қасен мен оның құдай қосқан жары Жәмиланың образдарын суреттеу арқылы сол кездегі қоғамдағы психологиялық өзгерістерді астарлай сипаттаған. Әңгімедегі бұл екі кейіпкер де қайнаған қазақтың ортасында қырда өсіп, кейін есейе келе қалаға келіп тұрақтаған. Міне, осы кезден бастап олардың бойында түрлі психологиялық құбылыстар орын алып, қазаққа жат қылықтар жасау қылаң бере бастады. Ол қалада Қасеннің қолындағы тұрып, жоғары оқу орнында оқуын оқып жүрген туған інісі жас студент Сәлімнің

шақыртуымен қырдағы ауылдан үйлеріне уақытша күн кешуге келген ағасы мен жеңгесіне қатысты оқиғамен суреттеледі. Онда: «Бірақ осы соңғы бір ай, әсіресе қырдағы үлкен аға мен жеңге келгеннен бергі он бес күн Сәлімге Қасен мен Жәмиланы шындап таныта бастаған» [9, 119 б.] - деген жолдар Қасен мен Жәмиланың бойындағы психологиялық өзгерістерді байқатады. Яғни бұрын соңды қазақта болмағат жат қылық, өзінің үлкен ағасы мен жеңгесін төріне шығарып қонақжайлық танытатын қазақи мінез өзгеріп, болмашы нәрсеге айқай шығарып, жақтырмаған қалып танытып, түбінде үйлерінен кетуге мәжбүрлеу ісі. Әңгімеде жазушы Сәлімнің бейнесі арқылы ескілік көлеңкесінде қалып отырған қазақ халқын, көзін ашып оянуға, жан-жағындағы өзгерістерді қабылдап соған жылдам бейімделуге қажет екендігін мензейді. Себебі, дәл осы кезеңде М.Дулатов:

«Көзіңді аш, оян, қазақ көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп,

Қазағым енді жату жарамасты» [10, 96 б.] - деп атой салса, белгілі ғалым, ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы:

«Қазағым елім,
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қамауда жаның,

Аш көзіңді, оянып» [10, 83 б.] - деп бүкіл қазақ қоғамын қалың ұйқыдан оятуға күш салып жатқан уақыт болатын. Алаш арыстарымен ұлттық күрес пен елдік мұрат жолында бір жақта болған М.Әуезов өз шығармаларында алаштықтар көтерген тәуелсіздік жолындағы күрескерлік идеясын астарлап жеткізіп отырды. Бар арманы қазақ елі өткен өмірін өзгертіп, жаңа қоғамның кері әсерлерінен аман қалып, басқа халықтар секілді мәдениет пен өркениетке ұмтылса екен деген талап пен тілектен туған орамды ойлар еді. Сондықтан әңгімеде Сәлімнің аузына «Сіздер әлі баяғының соңында. Ол орыннан жұрттың бәрі кеткен...» [9, 129 б.] - деген сөзді салып, ескілікте қалмай жаңа қоғамға ұмтылып, қазақ елінің көзін ашуға талпыныс жасаған. Әңгімеде басты кейіпкер Қасен қаншалықты қалалық болып түрлі психологиялық өзгерістерге ұшырап, қазақи дүниетанымға оғаш қылықтар жасағанымен Үлкен Алматы биігіне оқтын-оқтын қарап өз ойын бір саралап, өзін жинақтап отырады. Кейде істеген әрекеттеріне іштей өкініш білдіріп, тәубәшілік жасап та тұрады.

Жоғарыда айтылған автоцензуралық тәсілмен жазылған М.Әуезовтің әңгімелерінде ұлт тағдырына, оның руханиятына қатысты қоғамдық жағдайларды суреттеп айтқан ой қабаттарының барлығы да Ресей империясының отаршылдық саясатынан туындап отырған әрі өмірде болып өткен нақтылы тарихи оқиғалар желісінде жатқан әрекеттер екендігі ақиқат. Бұл туралы көрнекті ғалым М.Мырзахметұлы «Мұхтар Әуезов қолданған автоцензуралық құбылыстың саяси-әлеуметтік тамырларын індете отырып іздегенде, жазушының кең тұрғыдан айтпақ болған, бірақ артынша сол тұстың жағдайына байланысты өз ой оралымдарын толық ашпай, бүгіп қалуында көп нәрсенің астарлы да сұсты сырлары жатыр. Жазушының автоцензурасында жанамайлап ишарамен айтқан тезистерінің астарында су асты ағымдары іспеттес көзге ілінбес, бірақ бойлай қалсаң алды-артыңа қаратпай ағыза жөнелер қуаттың барлығын да сезінеміз» [11, 86 б.] - деп тебірене жазған еді. Саяси қыспақтың негізінде автоцензуралық тәсілге жүгінуге мәжбүр болғанымен өзінің жазушылық шеберлігінің арқасында айтар ойын барынша астарлап жеткізгендігін бұдан артық тұжырымдап айтудың өзі қиын. Сондықтан, жазушының көркем әңгімелеріне прозалық талдаулар жасағанда ең алдымен сол кезеңдегі тарихи-әдеби понораманы өзіне

сай ғылыми контексте зерделеудің маңызы ерекше. Бұл айтылғандар прозалық көркем шығармаларды әдеби талдаудың алғашқы сатысында жүргізілуі тиіс жұмыстар.

Осыдан кейінгі кезекте М.Әуезов әңгімелерін сол дәуірдің әдеби бағыттары негізінде және басқа авторлардың осы кезеңде жазған көркем әңгімелері арасында алар орнын айқындау қажет. Бұл ретте жазушының әңгімелерін М.Жұмабаев, Б.Майлин, Ғ.Мүсіреповтің көркем әңгімелерімен салыстыра отырып талдаған дұрыс. Өйткені аталмыш авторлар да осы кезеңде «Шолпанның күнәсі», «Күлпаш», «Түйебай», «Азамат Азаматович», «Едіге», «Көк үйдегі көршілер», «Өмір ертегісі», «Алғашқы адымдар», «Шұғыла», «Тұтқын қыз» және т.б. бірнеше көркем әңгімелерді жазып, қазақ әдебиетінің алтын қорына қосқандығы белгілі. Жазушының әңгімелерін салыстырмалы талдау әдісімен саралап болғаннан кейін әр әңгіменің жазылу тарихы мен оған қатысты сол кезеңде айтылған әдеби сын пікірлерді саралаған орынды. Ол үшін М.Әуезов көркем әңгімелеріне жіті талдаулар жасап түсініктемелер жазған ғалым Т.Жұртбай мен жазушының әңгімелеріне текстологиялық талдаулар жасаған Р.Әбдіғұловтың еңбектерімен танысқан жөн. Ал әдеби сындағы пікірлерді сол кезеңдегі жазушымен қатарлас жүріп, бір қоғамда ғұмыр кешкен, оның әңгімелеріне алғашқы сындар айтқан С.Мұқановтың еңбектерін (XX ғасырдағы қазақ әдебиеті) саралау арқылы талдаған дұрыс. Ұлы жазушының көркем әңгімелерін әдеби талдаудың келесі кезеңінде заманауи оқырманның шығарманы қабылдауы мен бағалауын зерделеу қажет. Бұл ретте А.Нұрқатов, М.Әдібаев, К.Сыздықов, Т.Ақшолақов және т.б. көрнекті ғалымдар мен қазіргі мұхтартануда жемісті еңбек етіп келе жатқан әдебиеттанушы ғалым Г.Пірәлінің еңбектерімен жіті танысудың маңызы зор. Әдеби талдаудың мұндай бағыттарында терең танымдық талдау мен танысу жұмыстарының жүргізілуі М.Әуезовтің көркем әңгімелерін қазіргі қазақ әдебиеттануында заманға сай интерпретациялануының негізінде талдап, тануға ерекше ықпалын тигізетін факторлар болып табылады.

Қорытынды. Жоғарыда аталған прозалық шығармаларды талдаудың негізгі ұстанымдарына сүйене отырып көркем әңгімені талдап оқытуға арналған келесі жұмыстар оның мазмұнын меңгеруден тұрғаны жөн. Мәселенің күрделі бір қыры да осы мазмұнды меңгеруден келіп шығады. Қазіргі таңдағы білім берудің жаңа технологияларының оқу-әдістемелері «оқып үйрену», «меңгеру», «өмірге ендіру», «дамыту» болып төрт түрлі басты бөлікке бөлінгенімен осы уақытқа дейінгі әдістеме ғылымында қалыптасқан дәстүр бойынша оқыту әдістері бес түрлі і конондық негізде анықталған болатын. Соның екіншісі мазмұн мәселесі еді, яғни білімді игеруде мазмұн негізгі құрамдық заңдылықтарды орнықтыратын дәстүрлі қағида болып табылған және осы функциясын іс жүзінде әліде атқарып келеді. Демек, қазіргі біздің елде кеңінен қолға алынып жатқан білім мазмұнын жаңарту да білім беру саласындағы маңызды мәселенің бірі. Осы мазмұн мәселесін бүгінгі күнге дейін әдебиетті оқыту саласында зерттеуші ғалымдар жан-жақты қарастырып, негізгі анықтамаларын да бекітіп қойған. Қалыптасқан анықтама бойынша мазмұн деген ұғымның екі жағы бар. Бірінде ол көркем шығарманың өзіндік мазмұны (заттың аты) болса. Екінші жағдайда – шығарманың көркемдік идеясы. Мұның бірі оқу, бірі талдаудан тұрады. Көпшілік жағдайда осы әдеби талдау жұмыстарын жүргізуде әдебиетті оқытушылар мен оны меңгеруші студенттер тарапынан әдістемелік олқылықтар орын алуда. Мәселен, қазіргі әдебиет сабақтарында студенттер көркем әңгіменің мазмұнын талдауда оны тұтастай мазмұндап айтып беруге дағдыланған. Мұның өзі көпшілік жағдайда жоспарсыз, жүрдім-бардым айтылып жүр. Оқытушылардың көпшілігі студенттерге мәтінді оқыта салып, түсінгенінді айт дейді. Бұл жағдайда студент өзі оқыған әңгімеден үзіп-жұлып оның үштен бір элементін ғана айтады. Мұндай мазмұндау пайдасыз. Негізінде мазмұндаудың арнаулы түрлері бар. Сол формаларға негізделмеген «айту» - жайдақ сөз. Егер студенттерге оқыған әңгімелерін әуелі жай мазмұндатып, содан соң жоспармен айтқызып қарасақ, бұл екеуінің мәні тіпті басқа болып шығады. Қысқа мазмұндатуға келгенде, жоспардың мәні

өзгеше. Ал, шығарманы автордың сөзімен айтқызсақ, нені айтудың қажеттігі жоспардан келіп туады. Сондықтан, көркем әңгімені оқытқанда әдеби талдаудың қалыптасқан негізгі заңдылықтарына сүйене отырып оны талдап, түсінудің және түсіндірудің арнайы нақты жопарын белгілеп алу қажет. Бұл орайда жоспардың ойды жинақтайтындығын негізге ала отырып белгілі бір қалыптасқан жоспармен берілген білім ғана балаға қонымды болатындығын есте ұстағанмыз жөн. Жоспарға сәйкес әдеби мазмұндауға қоятын басты мақсат мынадай белгілермен айқындалғаны дұрыс: 1) шығарманың тақырыбын ұғыну; 2) оқиғаны ретімен (жоспарлап) логикалы түрде айта білу; 3) мәтіннің тіл өрнектерін сақтай айту; 4) көркемдеп айту; 5) басты кейіпкерлер табиғатын түсіну сияқты белгілер. Ал мазмұндаудың толық түрдегі мазмұндау, қысқаша мазмұндау, көркем мазмұндау, әңгіменің формасын өзгертіп мазмұндау және т.б. түрлерінің бар екендігі әдеби талдауда бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі қағида. Осы мазмұндаманың негізгі белгілері мен түрлерін сабақты жоспарлауда басты назарда ұстамайынша, әңгіменің негізгі мазмұнын дұрыс оқытуда ой реттілігі мен логикалық жүйесіздік орын алатындығы анық. Бұл туралы көрнекті ғалым Ә.Қоңыратбаев «Жоспар, бір жағынан, шығарманың құрылысын, мазмұны мен тақырыбын түсінуге қажет болса, екінші жағынан, ойымызды ретімен, логикалық байланыста айтып үйрету үшін керек. Ол шығарманың мазмұнын айтқызуда, мазмұндама немесе шығарма жаздыруда өте қажет» [12, 202] - деп көркем шығарманы талдаудағы жоспардың мәні мен маңыздылығын ерекше атап өткен. М.Әуезовтің көркем әңгімелерін талдап-оқытуда осы қағидаларды ескергеніміз орынды.

1. Балтабаев М.Х. Современная художественная культура Казахстана: гносеология, ментальность, преемственность, перспективы. – Алматы: РНЦПК, 1997. – 156 с.
2. Боров Ю. Эстетика. Изд-е 2-ое. – М.: Политиздат, 1975. – 399 с.
3. Балтабаев М.Х. Педагогическая культурология: Учебное пособие. / М.Х. Балтабаев. – Алматы: РИК КАО им. И. Алтынсарина, 2000. – 268 с.
4. Елеманова С.А. Казахское традиционное песенное искусство. – Алматы, 2000. – 188 с.
5. Мациевский И.В. Народная инструментальная музыка как феномен культуры. –

Алматы, «Дайк-Пресс», 2007. – 520 с.

6. Аязбекова С.Ш. Картина мира этноса: Коркут-ата и философия музыки казахов: Монография. – изд.2-ое. – Астана, 2011. – 284 с.

Л.Ш. Какимова

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, Алматы, Қазақстан

**Жоғары көркемдік білім берудегі «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы контексті аясындағы
ұлттық сана мен мәдени құндылықтар**

Аңдатпа. Біздің зерттеуіміз қазіргі уақыттағы рухани және мәдени құндылықтардың қайта жаңғыруы аясында жоғары көркем білім берудің негізгі басымдықтарына арналған. Өскелең ұрпақтың мәдени әлеуетін арттырудағы қоғамның қажеттіліктері мен ЖОО-да тәрбиелеу мен оқытудың бүгінгі жай-күйі; ұлттық музыкалық өнердің көркемдік-эстетикалық әлеуетінің бай болуы мен оның болашақ көркем білім беру мамандарын даярлау жүйесінде болмашы сұранысқа ие болуы арасындағы объективті қалыптасқан қарама-қайшылық байқалады.

Өнер қазақ халқының музыкалық мәдениетінің құрамдас бөлігі болып табылады, ұлттың рухани болмысына әсер етеді және өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде ерекше маңызға ие. Сондықтан, мақалада өткеннің озық педагогикалық тәжірибесі ретінде әртүрлі өнер құралдары арқылы оқушыларды көркем-эстетикалық тәрбиелеу тұжырымдамасы келтіріледі.

Музыкалық-көркем білім беру мазмұнының өзгеруі болашақ шығармашылық пәндер мамандарын даярлаудың анықтаушы факторы болады, ал қойылып жатқан жаңа талаптар идеяларды қалыптастырудың негізгі векторы деп есептейміз. ХХІ ғасырдағы жастарды оқыту мен тәрбиелеуді жетілдірудің басым мақсаттарын анықтаудағы өзекті мәселелердің бірі оның рухани құрамдас бөлігі болып табылады. Осыған байланысты ұлттық сана мен мәдени құндылықтар білім беру кеңістігінің мәдени тетігі ретінде қарастырылады. Мақалада ұлттық сана мен мәдени құндылықтардың өркендеуі «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының маңызды басымдықтары ретінде айқындалады.

Қойылған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында арнайы әдебиеттерді теориялық талдау және педагогикалық бақылау әдістері қолданылды. Ұлттық сана мен мәдени құндылықтардың өркендеуін қарастыруда жоғары көркемдік білім беру тұжырымдамасын әзірлеу негізінде болашақ педагогтарды кәсіби даярлау үдерісінде жүзеге асырылса, бұл үдеріс автор көзқарасымен оң болатыны көрсетілді.

Түйін сөздер: музыкалық өнер, көркем мәдениет, мәдени құндылықтар, ұлттық сана, өнер синтезі.

L.Sh. Kakimova

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

**National consciousness and cultural values in higher art education
in the context of the national idea «Mangilik El»**

Abstract: Our research is devoted to the main priorities of higher art education in the light of the revival of spiritual and cultural values. There is an objectively established contradiction between the needs of society in increasing the cultural potential of the younger generation and the state of education and training in high school; between the presence of a rich layer of artistic and aesthetic potential of national art and its low demand in the training of future specialists of art education.

Art is an integral part of the musical culture of the Kazakh people, influences the spiritual component of the nation and has a special role in training and education of the younger generation. Therefore, the article presents the concept of artistic and aesthetic education of students by means of different types of art as an advanced pedagogical experience of the past. We believe that it serves as a determining factor in changing the content of music and art education and can serve as a starting vector for the formation of ideas

in the light of new requirements for the training of future specialists of creative disciplines.

One of the most urgent problems concerning the definition of priority goals for improving the education and upbringing of youth of the XXI century is its spiritual component. In this regard, national consciousness and cultural values are considered in the work as a cultural reality of the educational space. The article specifies that the revival of national consciousness and cultural values are defined as significant priorities of the national idea «Mangilik El».

Considering the revival of national consciousness and cultural values of future teachers in the process of professional training of teachers, the author believes that this process will be successful if it is carried out on the basis of the development of the concept of higher art education.

Keywords: musical art, artistic culture, cultural values, national consciousness, synthesis of arts.

References

1. Baltabaev M.H. Sovremennaja hudozhestvennaja kul'tura Kazahstana: gnoseologija, mental'nost', preemstvennost', perspektivy [Modern art culture of Kazakhstan: gnoseology, mentality, continuity, perspectives] (RNCPK, Almaty, 1997).
2. Borev Ju. Jestetika. [Aesthetics] Second edition (Politizdat, Moscow, 1975).
3. Baltabaev M.H. Pedagogicheskaja kul'turologija: Uchebnoe posobie [Pedagogical Culturology. Tutorial] (RIK KAO im. I. Altynsarina, Almaty, 2000).
4. Elemanova S.A. Kazahskoe tradicionnoe pesennoe iskusstvo [Kazakh traditional songart] (Almaty, 2000).
5. Macievskij I.V. Narodnaja instrumental'naja muzyka kak fenomen kul'tury [Folk instrumental music as a phenomenon of culture] («Dajk-Press», Almaty, 2007).
6. Ayazbekova S.Sh. Kartina mira jetnosa: Korkut-ata i filosofija muzyki kazahov [The picture of the world of ethnos: Korkut-ata and the philosophy of music of Kazakhs]. Monographiya, izd.2 (Astana, 2011).

Сведения об авторе:

Какимова Л.Ш. - кандидат педагогических наук, доцент, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Институт искусств, культуры и спорта, кафедра музыкального образования и хореографии, пр. Достык, 13, Алматы, Казахстан.

Kakimova L.Sh. - Candidate of Pedagogical Sciences, Assoc. Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Institute of Arts, Culture and Sports, Department of Musical Education and Choreography, Dostyk avenue, 13, Almaty, Kazakhstan.

МРНТИ 14.37.27

К.М. Сагиндыков, Г.Ж. Менлибекова, Н.Ж. Мукушева

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

(E-mail: ksagin@mail.ru, gmen64@mail.ru, nazym9_1@mail.ru)

Ересектердің компьютерлік сауаттылығын қалыптастырудың андрагогикалық негіздері

Андатпа. Ересек адамдардың жас мөлшері мен тұрғылықты аймағына қарамастан ақпараттық технологияларға қол жеткізу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін олардың компьютерлік сауаттылығын қалыптастыру «электрондық үкіметтің» енгізілуі және интернет арқылы мемлекеттік қызметтерді көрсетуге байланысты маңызға ие болды. Ересек адамдардың білім беру үдерісіне белсене қатысуы оларды компьютерлік сауаттылыққа оқытуға, өзін-өзі дамытуды жүзеге асыруға, қазіргі заманғы өмір жағдайларына бейімделуге және ақпараттық қоғамға қосылуға көмектеседі. Сондай-ақ, олардың ой-өрісін, қарым-қатынас аумағын кеңейтуге, еңбекке және белсенді өмір сүру сапасын арттыруға оң әсер етеді. Биліктің, бизнестің, қоғамдық ұйымдардың, ерікті жастар қозғалысының және бұқаралық ақпарат құралдарының өзара жүйелі бірлесе отырып, ересектердің компьютерлік сауаттылығын қалыптастыру үшін жаппай тегін оқыту жүйесін құру керек.

Түйін сөздер: компьютерлік сауаттылық, андрагогика, тьютор, ақпараттық мәдениет, ересектер, әлеуметтік бағытталған бағдарламалар, электронды телефон.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2019-127-2-85-91>

Кіріспе. Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән. Олай болса, білім беруді ізгілендіру, ақпараттандыру – бүгінгі заман талабы. Ақпараттық білімнің, орта мен адамның өзара қарым-қатынасын үйлесімді ету және жаңа ақпараттық қоғамда ақпараттық технологияны пайдалану, ақпараттық мәдениетпен байланысын кеңейту мүмкіндіктері мол. Өркениеттің өсуі ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тікелей байланысты екенін ескерсек, қазіргі кездегі білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білім мен кәсіби іскерліктердің болуын, жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін талап етеді.

Мақаланың мақсаты - ересектердің компьютерлік сауаттылығын қалыптастыруды андрагогикалық тұрғыдан ғылыми негіздеудің мүмкіндіктерін айқындау.

«Ақпараттық компьютерлік технологиялар» - бұл термин бүгінде баспасөз беттерінде, теледидар мен радиода жиі кездеседі. Ақпарат алудың қазіргі кезде көптеген көздері мен құралдары бар. Соның ішінде компьютерлік технологияны қолданудың жеке тұлғаны қалыптастырудағы оның шығармашылық мүмкіндіктерін арттырудағы атқарар рөлін қазіргі заман талаптары өзі анықтап отыр. Компьютер адам қызметінің барлық саласында еңбек өнімділігін арттыру құрамына айналды.

Жас шамасы мен территориялық тұрғылықты аймағына қарамастан ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалануға қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін ересектердің компьютерлік сауаттылығын қалыптастыру «электрондық үкіметтің» енгізілуі және интернет желісі арқылы мемлекеттік деңгейде қызмет көрсетуге байланысты айрықша мәнге ие болды. Ересектерді білім беру үдерісіне тарту, оларды компьютерлік сауаттылыққа оқытуға, өзін-өзі дамытуды және өзін-өзі жетілдіруді жүзеге асыруға, қазіргі заманғы өмір сүру жағдайларына бейімделуге және ақпараттық қоғамға кірігуге көмектеседі. Сондай-ақ, олардың ой-өрісін, қарым-қатынас аумағын кеңейтуге, еңбекке және белсенді өмір сүру

сапасын арттыруға оң ықпал етеді [1, 161 – 180 б.]. Биліктің, бизнес-құрылымдардың, қоғамдық ұйымдардың, ерікті жастар қозғалысының және бұқаралық ақпарат құралдарының өзара жүйелі бірлесе отырып, зейнеткерлерді желідегі негізгі жұмыстармен жаппай тегін оқыту жүйесін құру керек.

Ғылыми зерттеулер қарттық жасты экономикалық анықтау кеңінен таралған, ол қарттық бойынша зейнетақы алуға құқық беретін заңмен белгіленген және зейнеткерлік жасымен байланысты. Елімізде зейнеткерлік жастың төменгі шекарасы - әйелдерде 58 жас және ер адамдарда 63 жас. Дәл осы жастан бастап қарт адамдар зейнеткер мәртебесін, зейнетақымен қамтамасыз ету және әлеуметтік қызмет көрсету құқығын алады, яғни әлеуметтік қызметтерді қолдана алады. Сол себепті біз зейнеткерлік жасқа жеткен және зейнетке шыққан (яғни, әлеуметтік мәртебесін ауыстырған) барлық адамдарды егде адамдар деп санадық.

Жасына қарай халықты үш топқа бөледі:

- бірінші - 1-ден 14 жасқа дейінгі балалар;
- екінші - ересек адамдар (15-59 жас);
- үшінші - егде адамдар (60 жас және одан асқандар).

Үшінші топтағы тұлғалар, яғни егде адамдар еліміздің әлеуметтік-демографиялық тұрғындары ретінде қоғамның әлеуметтік құрылымының маңызды элементі болып табылады. Үшінші топтағы адамдардың жас шектері шартты түрде: Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы әзірлеген жас сыныптамасына сәйкес үшінші топтағы адамдардың өзін үш топқа бөлуге болады:

- егде жастағы (60-74 жас аралығы);
- қарт (75-84 жас аралығы);
- ұзақ өмір сүрушілер (85 жас және одан жоғары);

Үшінші топтағы тұлғалар қоғамның әлеуметтік құрылымының маңызды элементі болып табылады. Егде адамдардың өмір сүру деңгейін арттыру үшін олардың әлеуметтік белсенділігін арттыру қажет. Қазіргі уақытқа дейін егде адамдар үшін жаңа ақпаратты меңгеру, оқу, жаңа инновацияны игеру қажет емес деген түсінік сақталған. Қазіргі замандағы ақпараттандырылған орта көптеген зейнеткерлер үшін жабық, қоғам олардың талаптарына сай егде адамдарды жаңа технологиялармен таныстыру және оқыту қажет емес немесе егде адамдардың өздерінде бұл бізге қажет емес деген теріс түсінік бар. Егде адам үшін ақпараттық орта мәселелі орта болып табылады және олар көбінесе онымен соқтығысудан бас тартады. Осылайша қоғамның коммуникациялық заманауи және ыңғайлы тәсілдерінен айырылады. Қоғамда осындай өзгерістер егде адамдар арасында ақпараттық сауаттылық деңгейін қалай және қандай құралдардың көмегімен арттыруға болады деген мәселені қояды. Егде жастағы адамдардың қоғамға әлеуметтік интеграциялау тетіктерінің бірі білім беру және ақпараттық-білім беру кеңістігіне бейімдеу болып табылады. Қазіргі заманауи технологиялардың көмегімен әлеуметтік және медициналық көмекке, мемлекеттік қызметтерге жылдам жүгінуге, үйден шықпай-ақ төлем жүргізуге болады. Көптеген адамдар өз туыстарымен, басқа қалалар мен елдерде тұратын достарымен, өзінің тұрақты мекенжайынан шықпай-ақ сөйлескісі келеді. Бұл егде адамдар үшін таптырмас мүмкіндік. Егде жастағы білім – өзгермелі әлем туралы мәліметтерді жүйелі негізде алу арқылы әлеуметтік бейімделу және интеграциялау қабілетін сақтау механизмі. Зейнеткерлік жастағы ересектерге білім беру мамандық алу мақсатын көздемейді, ол дербес даму, әлеуметтік бейімделу және адамдардың қарым-қатынасы, олардың белсенді өмірлік ұстанымын сақтау мақсаты бар бейресми білімге жатады [2, 95-110 б.].

Үшінші топтағы адамдар әлеуметтік-мәдени белсенділік мүмкіндігі -қарттыққа қатысты жағымсыз үрдістерді еңсерудің негізгі жолдарының бірі. Алайда, зейнеткерлікке шыққан адам өз өмірін өз бетінше ұйымдастыра алмайды және оны қоғамға пайдалы

және әлеуметтік мәні бар өмір салтына бағыттай алмайды. Ол үшін арнайы оқытылған адамдардың көмегі қажет. Осыған байланысты мақалаға тьютор деген маңызды ұғымы енгізілді.

Тьюторлар (англ. tutor — тәлімгер) - бұл әлеуметтік-мәдени қызмет жағдайында оларды дербес сүйемелдеуді жүзеге асыратын, үшінші топтағы адамдармен жеке жұмыс істеу үдерісін ұйымдастыратын және жасайтын, көмек көрсететін арнайы оқытылған адамдар. Тьюторлар адамдарға табыс пен сәтсіздікті түсінуге, болашаққа мақсат қоюға, қойылған мақсаттарды іске асыру үшін адамның қолда барын бағалауға көмектесуі тиіс. Тьюторлар ақпараттық және кеңес беру жұмыстарына арналған әдістемені анықтайды. Егде жастағы адамдардың шығармашылық әлеуетін құруға жәрдемдеседі. Тьюторлар егде жастағы адамдармен жұмыс істеудің басым бағыттарын, заңдар мен өзге де нормативтік актілерді, егде жастағы адамдардың қарым-қатынасының психологиясын, және жеке жас ерекшеліктерін, байланыс орнату әдістерін білуі тиіс, сондай-ақ ондай адамдармен жұмыс істеуге қабілеттілігі мен дайындығын білдіретін кәсіби құзыреттілікке ие болуы тиіс [3, 271-279 б.]. Әлеуметтік-мәдени қызмет жағдайында үшінші топтағы адамдарды нәтижелі әлеуметтендіруге бағытталған тиімді әдістеме таңдау маңызды тетік болып табылады. Тьюторлар жұмысы үшінші жастағы адамдардың қазіргі қоғамдағы бейімделу мен әлеуметтік интеграцияға дайындық сапасына байланысты. Тьютордың қызметін сипаттайтын төрт негізгі қағидатты атап өтуге болады:

- тьюторлар мен егде адамдар арасындағы теңдікті анықтау. Топта теңдікті атап көрсете отырып, қарым-қатынас тұрақты болуы тиіс, топтың әрбір құрамының пікірін құрметтеп, оны тыңдау қажет;
- топ ішінде оң атмосфера жасау үшін тьюторлардың белсенді өмірлік ұстанымы болу керек;
- жұмыс барысында әрбір тұлғаның ерекшеліктері нақтылана түсуі қажет;
- жұмыс барысында жағымды көңіл-күй мен қолайлы жағдайларды жасау.

Үшінші топтағы адамдардың өмір сүру сапасын тьюторлар тобының белсенді және тікелей қатысуымен арттыру құралдарының бірі - өзгерген ортада материалдық немесе рухани құндылықтарды жаңғырту немесе қолдау негізгі мақсаты болып табылатын әлеуметтік-бағытталған жобалар құру.

Компьютерлік сауаттылықтың жалпы құрылымы мотивациялық-когнитивті, коммуникативті-іс-қабілеттілік, мазмұндық және рефлексивті компоненттердің үйлесімі болып табылады, олардың мазмұны адамдардың тиісті жас санаты үшін ерекшелікке ие. Мысалы, белгілі бір қызметті орындауға ішкі және сыртқы көзқарасты қамтитын мотивациялық-когнитивті құрылым, егде адамдар үшін сыртқыға қарағанда ішкі механизмдермен анықталады, егде адамдар үшін маңызды емес тиісті қызмет түрін орындау үшін қажетті біліммен айқындалғанымен, тәжірибелік қызмет маңызды. Егде адамдар үшін рефлексивті компонент көбінесе оқыту нәтижелерін ұжымдық талқылау негізінде орындалатын әрекеттердің жеке пайдалылығын өзіндік бағалау болып табылады. Ақпараттық құзыреттілік үшін бұл ұсыныстар тиісті нақтылауға жол береді.

«Ақпараттық мәдениет» - қоғамда ақпараттың жұмыс істеуіне байланысты мәдени қызметтің маңызды аспектілерінің бірі, ересек адамға ақпараттық кеңістікте еркін бағдарлауға, оны қалыптастыруға ғана емес, сонымен қатар ақпараттық өзара іс-қимылдың белсенді қатысушысы болуға мүмкіндік беретін белгілі бір білім деңгейі. Аталған мәселені зерделей отырып, ғылымның түрлі салалары тұрғысынан осы ұғымдардың көп қырлылығымен байқауға болады. Ақпараттық сауаттылықтың қалыптасуының өзара байланысты және дәйекті үш деңгейін анықтауға болады: төмен (бастапқы), орташа (жеткілікті), жоғары.

Теориялық білімдерді, тәжірибелік білімдерді жинақтау, ақпараттық қызмет саласында қолда бар қасиеттер мен қабілеттердің пайда болуы бастапқы деңгейден жоғары деңгейлерге көшуге мүмкіндік береді [4, 215 - 230б.]. Компьютерлік сауаттылықтың негізгі көрінісі ересек адамдар өз өмірінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды еркін, орынды пайдалануына мүмкіндік беретін ақпараттық қызмет көрсету салаларында қолдана білу болып табылады. Осылайша, ақпараттық құзыреттілік бір деңгейден екіншісіне ауысып, қалыптасады және дамиды, бұл ретте оның жай-күйі ақпараттық білімнің құрылымы мен мазмұнының қалыптасуының белгілі бір деңгейіне сәйкестігін ескере отырып, әр жолы анықталуы мүмкін. Қазіргі уақытта ақпараттық қоғамның қалыптасу кезеңінде ақпараттық құзыреттілік деңгейі еңбек нарығындағы жеке тұлғаның бәсекеге қабілеттілік деңгейін де көрсетеді. Ақпараттық сауаттылықтың төмен деңгейі келесідей сипаттауға болады. Бұл деңгейде жеке тұлғаның қызметті жүзеге асыруға ақпараттық дайындығы қоғамды ақпараттандырудың жалпы мақсаттарының саналы болуымен ерекшеленеді, бірақ нақты ақпараттық қажеттіліктер мен мүдделер қалыптастырылмаған.

Әлеуметтік-бағытталған бағдарламалар ересек адамдарға жалпы білім беру деңгейін арттыруға мүмкіндік береді, әлеуметтік оқшаулаудан шығуға көмектеседі. Ақпараттық қолдау бағдарламасы ересек адамдардың әлеуметтік-мәдени қызметінің ақпараттық блогына кіреді. Бағдарламаның негізі «үшінші» жастағы адамдардың қазіргі заманғы ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың көмегімен компьютерлік сауаттылық негіздерін меңгеру болып табылады. Ересек тыңдаушылардың пікірінше, әлеуметтік және техникалық инновациялар (интернет, ұялы телефондар, электрондық терминалдар және т.б.) адамның өзін де дамытуға міндеттейді. Адамдардың осындай санаты үшін ақпараттық қолдау бағдарламалары «үшінші жас» тобындағы адамдардың қазіргі еліміздің қоғамының ақпараттық-білім беру кеңістігіне кірігуінің тиімді формаларының бірі болуы тиіс, олардың нәтижелі бейімделуіне ықпал етеді. «Үшінші жас» өкілдеріне ақпараттық қызмет көрсету тәжірибесін, дидактикалық және психологиялық білім беру технологияларының құрылымын ескере отырып, қазіргі заманғы ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, әлеуметтік жұмыстың инновациялық технологияларын енгізу және қарт адамдармен жүргізілген тәжірибелер үшінші топтағы адамдармен жұмыстың мүмкін болатын нұсқаларының біріне жеке сабақ өткізу тәсілдері жататындығын көрсетеді. Сондықтан ақпараттық қолдау бағдарламасының құрылымы жеңіл өзгертілетін негізгі және вариативтік бөліктері болуы, сабақты өткізу барысында мазмұнды түзету мүмкіндігін қарастыру қажет. 1 кестеде өтуге болатын ересек адамдарға арналған сабақ тақырыптары қарастырылған.

1 кесте

Сабақ тақырыптары

Сабақ тақырыбы	
1	Дербес компьютермен танысу
2	Дербес компьютер қауіпсіздігі. Антивирустық бағдарламалар
3	Интернетпен жұмыс (Google, youtube)
4	Электронды почта (@mail.ru)
5	Әлеуметтік желілермен жұмыс (WhatsApp, Telegram, Facebook)
6	Электронды телефон(интернет банкинг, онлайн билет, Damumed, Astra Bus)

Ең алдымен, дербес компьютердің негізгі құрылғыларына тоқталу қажет: жүйелік блокты, мониторды, клавиатураны, тышқанды және компьютерге қосылатын перифериялық құрылғыларды: принтер, сканер, модем зерттеу ерекшеліктерін көрсететін негізгі ұғымдар, терминдермен танысуы тиіс. Сондай-ақ, мәтіндік құжаттармен, суреттермен, бейне-файлдармен жұмыс істеуді де кіргізуге болады. Вариативті бөліктің құрамы адамның жеке ерекшеліктеріне байланысты өзгеруі мүмкін [5, 150-163 б.]. Мысалы, дербес компьютерде жұмыс істеу негіздерін жақсы меңгерген ересек адамдар үшін интернет желісін тереңдетіп оқыту; ақпарат алмасу мақсатында электрондық поштаны зерттеу; әлеуметтік желілерде достарымен, туыстарымен, әріптестерімен қарым – қатынас жасау; электрондық терминалдар арқылы коммуналдық қызметтерді төлеу; театр және әуе, теміржол билеттерін алу; Skype бағдарламасы арқылы веб-камераны пайдаланып, онлайн сөйлесу. Үшінші топтағы адамдар үшін материалды оқып-үйрену қандай ретпен жүргізілетіндігі емес, оқыту үрдісінде оқытудың мәні және құрдастарымен, оқытушымен қарым-қатынас жасайтыны маңызды. Үшінші топтағы адамдармен жұмыс жасаудың оқушылар және студенттермен жұмыс жасаудан ерекшелігі жас ерекшелігі бойынша және оқытушының педагогикалық шеберлігін дамытуға ықпал ететін қосымша жағдайларды талап етеді [6, 57-65 б.]. Ақпараттық қолдау бағдарламасын меңгеру нәтижесінде үшінші топтағы адамдар: дербес компьютермен, сондай-ақ ноутбукпен сенімді жұмыс жасау; мәтіндік редакторлардың көмегімен құжаттарды өз бетімен ашу, құру және редакциялау, оларды компьютер жадында сақтау; компьютердегі аудио және бейне файлдарды табу және ойнату; дербес компьютерде суреттерді графикалық редакторлар мен графикалық файлдарды көруге арналған арнайы бағдарламаларының көмегімен көру; интернет желісіндегі электрондық поштамен жұмыс істеу: хаттарды оқу және жазу, құжаттарды бекіту, файлдарды жүктеу.

Ересек адамдардың кәсіби, тұлғалық, әлеуметтік әлеуеті заманауи әрекеттестік жүйесінде жаңа сипатқа ие болып отыр. Андрагогикалық тұрғыдан алғанда ересек адамдардың өзіндік тәжірибесі, олардың өз бетінше білімдік қажеттіліктерін қанағаттандыруға саналы мотивациясының және жеке жауапкершілігін ұғыну маңызды болмақ. ХХІ ғасыр дағдыларын үйрету үшін өмір бойы білім алу үдерісіне қатысуын қамтамасыз ету және жаңа білімдерді құру қажет [7, 90 б.]. Демек, андрагогика саласындағы ересектерді оқытудың қағидаттары мен заңдылықтарын ескере отырып, практикалық тәжірибені теориялық білімдерді толықтыруда қолдану басымдығына назар аудару қажеттілігі туындайды. Бұл орайда «ересектерге білім берудің қоғамдық сипаты, оның үздіксіздігі, жалпы қолжетімділігі, дербестігі мен автономдылығы» [8, 66 б.] қағидаттарын андрагогикалық оқытудың жүйелілік, өмірмен байланыстылық, практикаға бағдарлылық т.с. аспектілерімен кіріктірілуін қамтамасыз ету міндетін жүзеге асыру қажет.

Сонымен қатар, Интернет желісінде іздеу жүйелері мен түрлі сайттардың көмегімен қажетті ақпаратты іздеуге дағдылану. дербес компьютердің негізгі құрылғыларын: жүйелік блокты, мониторды, клавиатураны, тышқанды және компьютерге қосылатын сыртқы құрылғыларды: принтерді, сканерді, модемді зерттеу ерекшеліктерін көрсететін негізгі ұғымдар, терминдер салынуы тиіс. Негізгі бөлімге мәтіндік құжаттармен, суреттермен, бейне-файлдармен жұмыс істеу үшін негізгі бағдарламаларды оқу кіреді.

Әдебиеттер тізімі

1. Агапова О.В. Уроки для взрослых: пособие для тех, кто работает в системе образования взрослых. - СПб.: Тускарора, 2003 – 256 с.
2. Азбука Интернета: учебное пособие для пользователей старшего поколения: работа на компьютере и в сети Интернет. - М., 2014 – 120 с.
3. Громкова М. Т. Андрагогика. Теория и практика образования взрослых: учеб.

пособ. для системы доп. проф. образования. - М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2005 – 495 с.

4. Краснова О.В., Галасюк И.Н., Шинина Т.В. Психология личности пожилых людей и лиц с ограничениями здоровья: учеб. пособ. для слушателей проф. переподготовки по спец. «Психологическая деятельность в учреждениях социальной сферы». - СПб.: Каро, 2011 - 319 с.

5. Василькова, Т. А. Основы андрагогики: учебник. – Москва: КНОРУС, 2009 - 252 с.

6. Левин А.Ш. Компьютер для людей старшего возраста. - СПб.: Питер, 2014 - 240 с.

7. Информационно-компьютерная грамотность и непрерывное образование // С.П. Кудрявцева, А.А. Максименко // Управляющие системы и машины. - 2010. - № 2. - С. 85-91.

8. Вершловский, С.Г. Общее образование взрослых: Стимулы и мотивы. - М., 1987. – 344 с.

К.М. Сагиндыков, Г.Ж. Менлибекова, Н.Ж. Мукушева
*Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева,
Нур-Султан, Казахстан*

Андрогогические основы формирования компьютерной грамотности взрослых

Аннотация: Формирование компьютерной грамотности взрослых для обеспечения равных возможностей доступа к информационным технологиям независимо от возраста и региона проживания приобрело важнейшее значение в связи с введением «электронного правительства» и оказания государственных услуг через интернет. Включение взрослых в образовательный процесс, формирование их компьютерной грамотности дают возможность самореализации, адаптации к современным условиям жизни и включения в информационное общество, расширяют их кругозор, сферы общения, расширяют возможности использования своего потенциала для продления трудовой и активной жизнедеятельности, что оказывает положительное влияние на повышение качества их жизни. За счет комплексного взаимодействия власти, бизнеса, общественных организаций, добровольческих молодежных движений и средств массовой информации необходимо создать систему массового бесплатного обучения взрослых компьютерной грамотности.

Ключевые слова: компьютерная грамотность, андрагогика, тьютор, информационная культура, взрослые, социально ориентированные программы, электронный телефон.

K.M. Sagindykov, G.Zh. Menlibekova, N.Zh. Mukusheva
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Andragogical basis of the Development of Computer Literacy of Adults

Abstract: The development of computer literacy of adults to ensure equal access to information technologies, regardless of age and region of residence, has become essential in connection with the introduction of e-government and the provision of public services via the Internet. The inclusion of adults in the educational process and the formation of their computer literacy enable adult learners to self-realization, adaptation to modern living conditions and inclusion in the information society, expanding their horizons, areas of communication, using their potential to prolong labor and active life activity, which has a positive impact on improving their quality of life. Due to the complex interaction of government, business, public organizations, voluntary youth movements and the media, it is necessary to create a system of mass free computer literacy education for adults.

Keywords: computer equipment, andragogy, tutors, information literacy, information culture, the elderly, socially-oriented programs, electronic telephone.

References

1. Agapova O.V. Uroki dlja vzroslyh: posobie dlja teh, kto rabotaet v sisteme obrazovanija vzroslyh [Lessons for adults: a guide for those who work in the adult education system] (Tuscarora, SPb, 2003 – 256 p.).
2. Azbuka Interneta: uchebnoe posobie dlja pol'zovatelej starshego pokolenija: rabota na komp'yutere i v seti Internet [The ABC of the Internet: a textbook for older users: working on a computer and on the Internet] (M., 2014, 120 p.).
3. Gromkova M.T. Andragogy. Teorija i praktika obrazovanija vzroslyh: ucheb. posob. dlja sistemy dop. prof. obrazovanija [Theory and practice of adult education: studies. benefit for system add. prof. education] (UNITY-DANA, Moscow, 2005, 495 p.).
4. Krasnova O.V., Galasyuk I.N., Shinina T.V. Psihologija lichnosti pozhilyh ljudej i lic s ogranichenijami vozmozhnostjami zdorov'ja: ucheb. posob. dlja slushatelej prof. perepodgotovki po spec. «Psihologicheskaja dejatel'nost' v uchrezhdenijah social'noj sfery» [Psychology of the personality of the elderly and persons with disabilities: studies. benefit for students prof. retraining on spec. «Psychological activity in social institutions»] (Karo, SPb, 2011, 319 p.).
5. Vasilkova T.A. Osnovy andragogiki: uchebnik [Basics of andragogy: textbook] (KNORUS, Moscow, 2009, 252 p.).
6. Levin A. Sh. Komp'yuter dlja ljudej starshego vozrasta [Computer for older people] (Peter, SPb, 2014, 240 p.).
7. Informacino-komp'yuternaja gramotnost' i nepreryvnoe obrazovanie [Information and computer literacy and continuing education] / S.P. Kudryavtseva, A.A. Maksimenko. Upravljajushhie sistemy i mashiny [Control systems and machines], (2), 85-91 (2010).
8. Vershlovsky, S.G. Obshhee obrazovanie vzroslyh: Stimuly i motivy [General adult education: Incentives and motives] (Moscow, 1987, 344 p.).

Сведения об авторах:

Сагиндыков К.М. – кандидат технических наук, доцент, заведующий кафедрой «Информатика и информационная безопасность», Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, ул. Пушкина, 11, Нур-Султан, Казахстан,

Менлибекова Г.Ж. – доктор педагогических наук, профессор кафедры «Социальная педагогика и самопознание», Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, ул. Янушкевича, 6, Нур-Султан, Казахстан.

Мукушева Н.Ж. – преподаватель кафедры «Информатика и информационная безопасность», Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, ул. Пушкина, 11, Нур-Султан, Казахстан.

Sagindykov K.M. – Candidate of Technical Sciences, Associate Professor, Head of the Department of «Informatics and Information Security», L.N. Gumilyov Eurasian National University, str. Pushkin 11, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Menlibekova G.Zh. – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, N. Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich str., 6, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Mukusheva N.Zh. – Lecturer, Department of «Informatics and Information Security», L.N. Gumilyov Eurasian National University, Pushkin str., 11, Nur-Sultan, Kazakhstan.

МРНТИ 14.35.09

Т.К.Самуратова, А. Наурызбаева

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан Қазақстан.
(E-mail: samyratovatk@mail.ru, aigulastana@inbox.ru)*

Заманауи қалалық орта ұйымдастырудағы дәстүрлі тәсілдерді қолдану ерекшеліктері

Андатпа. Мақалада заманауи қалалық орта ұйымдастырудың тиімділігі мазмұндалады. «Қоршаған ортада», «қалалық орта» және «адам мен кеңістік» ұғымдарына арналған ғылыми еңбектерде қалалық ортаның адам мәдениетіне тигізетін әсері туралы алыс, жақын шетел ғалымдар еңбектеріне талдау жасалған. Заманауи қалалық орта ұйымдастырудағы дәстүрлі тәсілдерді қолдану сәулет ортасында қалыптасуының ерекшеліктері сипатталады. Дәстүрлі сәулетіміздің аса маңызды элементі болып саналатын, киіз үй пішініне ұқсас салынған басты ғимарат, ойын-сауда орталығы функциясын атқарады. Ғимараттың стилі дәстүрлі қазақи этностиль мен заманауи бионика стилінің симбиозы деп айтуға болады. Бас ғимарат постмодернизм стилінде орындалса, қосалқы ғимараттар және бас жоспардың жалпы концепциясы бионика стилінде орындалған. Сәулеттік шешімі қарапайым әрі қызықты болып келеді. Дәстүрлі тәсілдердің негіздері пайдаланылады. Сондай-ақ, тәжірибелік эксперимент жұмыстарының қорытындысы берілген.

Түйін сөздер: рухани жаңғыру, қоршаған ортада, қалалық орта, адам мен кеңістік, қалалық орта, архитектура, қала құрылысы, қала және дизайн, дәстүрлі тәсілдер, жобалау.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2019-127-2-92-98>

Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы таяу жылдардағы міндеттердің бірі: «Туған жер» бағдарламасын қолға алу. ...Қазақ «Туған жерге туынды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады.... Осы арқылы қалаларды көгалдандыруға... болады» [1]. Бұл міндеттерді жүзеге асыруда «Адам қоршаған ортада», «адам мен кеңістік» тақырыбы бүгінгі күні көптеген ғылымдар еңбектерінде басты тақырыптардың бірі.

«Қоршаған ортада», «қалалық орта» және «адам мен кеңістік» ұғымдарына арналған ғылыми еңбектерде қалалық ортаның адам мәдениетіне тигізетін әсері туралы алыс, жақын шет ел ғалымдар еңбектерінде бірқатар зерттелген. Мысалы, Е.А. Орлова әлеуметтік-мәдени жағдайға ықпал ететін қалалық ортаны сипаттайтын «Қазіргі қалалық мәдениет және адамдар» атты еңбегінде, өндірістегі процестердің физикалық және экологиялық сипаттамаларын, ақпараттық әсерін және әлеуметтік-мәдени құрылым ерекшеліктерін анықталса, Т.М. Дридзе салауатты адамның қалалық ортада өмір сүру деңгейі сипатталған. И.С. Туров, В.Л. Глазычев өз еңбектерінде қала адамдарының өмір сүру образдары мен қалалық ортаның сапасы туралы баяндалған [2,3,4,5]. Қаланың архитектуралық және заттық-кеңістіктік ортасын ұйымдастыруда архитектура және қала құрылысының теориялық зерттеушілерін басым көпшілігінде «қала мен адамдар», «қала және дизайн» ұғымдарына анықтамалар берген.

Ғалымдар еңбектерінде қалалық орта - бұл пейзаждар ғана емес, сонымен қатар табиғи және «жасанды» компоненттердің сапалы күйі, ақпарат алмасудың даму деңгейі. Яғни, қалалық орта – адам өмірінің басым бөлігін өткізетін орын болып табылады және бұл өмірлік белсенділік пен адам мінез-құлқы ырғағына үлкен әсерін тигізетін орта.

Адам үшін тіршілік ортасын құру – қалада өмірдің артықшылықтарын және қала тұрғындарының табиғатқа деген ұмтылысын, дәстүрлер мен дамуды сақтауды, жаңа технологияларды енгізуді – заманауи мәдениеттің алдында тұрған негізгі мәселелердің бірі

– шығармашыл, жайлы, тартымды, қауіпсіз, үйлесімді орта құрастыру.

Қалалық қоршаған ортадағы ландшафтық дизайнды философиялық тұрғыдан түсіну қажет. Сондай-ақ, қазірде ғимараттарды жобалауға және жаңаларын құруға бастапқы назар аударуды ғана емес, сондай-ақ қалалық ортадағы әлеуметтік-мәдени кеңістіктегі адамдарға күрделі әсер ету процестері де ескеріледі. Тұрақты қалалық ортаны қалыптастыру мәдениеті ландшафтты дизайнды қалалық ортаны нақты әлеуметтік-мәдени кеңістікке айналдыру әдістерінің және тәсілдерінің жиынтығы ретінде анықтайды. Рухани тұрғыдан байытылған қалалық орта қазіргі заманда жеке тұлғаның көркемдік талғамын, ұлттық ойлауын, дүниетанымдықкөзқарасын және мәдениетін қалыптастырады.

Қалалық орта – бұл материалдық құрылымды (ғимараттар, құрылыстар, көлік, өнеркәсіп, инженерлік коммуникациялар және т.б.) және антропогендік факторлардың әртүрлі табиғи ортасын қамтитын күрделі ұғым. Қалалық ортаны дамытудағы үрдістер мен бағыттар философия, дін, ғылым, эстетика, әлеуметтік-экономикалық қатынастар, табиғи және климаттық сипаттамалармен және белгілі-бір елдің мәдениетімен тығыз байланысты. Қалалық орта әр тарихи кезеңде қоғамда болып жатқан процестердің әсерінен қалыптасады. Сондықтан қалалық қоршаған орта адамның функционалды, эстетикалық, рухани, мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыруға, оның өмірі үшін қолайлы жағдайлар жасауға көмек береді [6].

Дамудың барлық кезеңдерінде адам айналасындағы материалдармен, рухани, мәдени орталармен өзара қарым-қатынасы негізінде көптеген мәселелерді жүзеге асырады. Ежелгі мемлекеттерде әртүрлі халықтар мәдениетіндегі айырмашылықтармен байланысты қалалық ортаны қалыптастыруда бірқатар үрдістер бар. Алғашқы коммуналдық және қазіргі уақытқа дейін адам әртүрлі елді мекендерді құрып, өнеркәсіптік және әлеуметтік-мәдени байланыстармен өмір сүру ортасын ұйымдастырды.

Неолит дәуірінде алғашқы елді мекендер, құлдық жүйе, қолөнер мен жаңа елді мекендер - қалалар пайда болуына әкелді. Алғашқы қалалар б.з.д. үшінші мыңжылдыққа дейінгі кезеңде Мысыр, Оңтүстік Месопотамия, Сирия, Кіші Азия, Орталық Азия, Кавказ, Үндістан және Қытайда пайда болды. Бастапқыда қалалар ауылдық қауымдастықтардың діни және әкімшілік орталықтары ретінде қалыптасты, олар қолөнер шоғырлану орындарына және сауда орталықтарына айналды. Әлемнің түрлі елдерінің қалалары негізгі тұрғын үй құрылысының ерекшеліктерімен ерекшеленді.

Ежелгі Египетте басты қала құрылысы – храмдар, ал Ассирия мен Вавилонда сарай болып есептелді. Орта Азияның ежелгі қалалары өзіндік құрылыспен ерекшеленді: қоныстың периметрі бойында негізгі ғимараттар мен тұрғын үй ғимараттарының бір-бірімен байланысы болатын үздіксіз бекініс қабырғасы болды. Бірақ барлық қалалар сыртқы жаулардан, бақылау орталықтары мен билік орындарынан, қолөнер және сауда орталықтарынан, қызмет көрсетуден және мәдениеттен қорғаныстың басты объектісі ретінде пайда болды.

XIII ғасырдан бері кейбір қалаларда (Париж, Кембридж, Оксфорд) қала тұрғындарының құрамына кіретін университеттер, магистранттар және студенттер болды. Бірте-бірте қалаларда саудагерлер ішкі және сыртқы сауданың қолына шоғырланды. XII-XIII ғасырларда ақшалай-несие операциялары саласының пайда болуына алып келген көтерме сауданың негізгі орталықтары болып табылатын жәрмеңкелер болды. XV ғасырларда қалаларда банктер пайда болды [7]. Бұл ерекшеліктер қала дамуының барлық салаларына үлкен әсерін тигізеді. Ол орта ғасырдағы өндіріс пен мәдениеттің орталығы болып табылады. Индустрияландыру процесі қалалық ортаны қалыптастыруға үлкен әсерін тигізді.

XX ғасырдың бірінші жартысында қалалық ортаны қалыптастыруда біздің елде жағдай ұқсас болды. Қазіргі қалалық орта – күрделі кеңістіктік және мәдени білім беру болып табылады.

Тақырыпты ашу астары. Қалалық орта – біздің заманымыздың жаңа көркемдік шынайы, дизайн жобалауына негізделген шындық. Дизайнды дамытудың векторы адамның

қоршаған ортасын трансформациялауға, қалалық ортаны жаңа әлеуметтік қатынастарға сәйкестігін қамтамасыз етуге бағытталуы керек. Дизайнды философиялық бағыт ретінде қарастыра отырып, ландшафты дизайнердің орнықты қалалық ортаны қалыптастырудағы қызметінің басты бағыты табиғи және экологиялық байланыстарды дамыту, қоршаған ортаның пайдалану жағдайларын қалыптастыру, пәндік-кеңістіктік ортаны үйлестіретін және мәдениетті дамытуға ықпал ететін тұтас кешендер болуы басты міндеттер.

Тұрақты қалалық ортаны қалыптастыру мәселелерін шешу үшін өзара байланысты техникалық, әлеуметтік, экологиялық, этикалық, эстетикалық және басқа да шаралар қолдану қажет. Бұл тұрғыда біз ландшафтты дизайнды адамның үйлесімді өміріне арналған тұрақты қалалық ортаны қалыптастырудың әдістер жиынтығы ретінде қарастырамыз.

Мәдениет табиғат ландшафтымен әртүрлі жолдармен байланыста болады: әртүрлі іс-шаралар, адамның жасаған нысандары, оның айналасындағы әлемге деген қарым-қатынасы, оның құндылық критерийлері арқылы қалыптасады.

Мәдени ландшафттарды қалыптастыруда сәулетшілер, дизайнерлер мен философтар бірлесе отырып жұмыс жасағандарының маңызы ерекше. Дегенмен, бұл іс жүзінде осындай жағдайда болмайды. Барлық жерде қалалық пейзаждық объектілер пайдасыз, адамның мұқтаждықтарын қанағаттандырмай, табиғатпен үйлеспейді.

Тұрақты қалалық ортаны қалыптастыру мәдениеті қалалық ашық кеңістіктердің жасанды және табиғи компоненттерін өзін-өзі қамтамасыз ету және қажетті функцияларды пайдалану тиімділігімен анықталады.

Ландшафтты дизайн жобалық мәдениеттің ажырамас бөлігі болып саналады, онда шығармашылық проблемаларды шешудің бейнелеу-пластикалық әдістерін меңгеру дизайнердің басымдығы ретінде қызмет етеді. Мұның бәрі жоба шығармашылығындағы кәсіби-философиялық позициялар, дизайнерлік тұлғаның жалпы мәдени негізі секілді жеке қағидаттың үлкен рөліне нұсқайды.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Астанада қала ортасын заманауи ұйымдастыруда қазақ халқының дәстүрімен таныстыру, оны сақтау, әрі дамытуға жаңа жоба дайындалуда. Ұсынылып отырған жоба ұлттық аспап қобыз пішіндес, жетекші ойыата-бабамыз мұра ретінде қалдырған салт-дәстүрімізді заманауи халықтың санасына ойын-сауық орталығы бейнесінде еңгізуді жөн көрдік (1 сурет)




1 сурет. Бас жоспар

Объектінің орналасу нүктесін таңдағанда, Астананың жаңартылған ауданын, сонымен қатар, келген қонақтардың көзіне түсетін жерлерді ескере отырып, ЭКСПО-2017 объектісі орналасқан жер мен әуежайдың ортасындағы аймақты таңдадық. Көлемі 150 гектар жерді құрайтын аталмыш жоба аймағында киіз үй пішіндес бас ғимарат, 4 орташа ғимараттар және 4 кіші ғимараттар орналасқан. Сонымен қатар, кіші сәулет нысандары және аймақты абаттандыру дәстүрлі ою-өрнектермен әшкереленген.

Бас ғимараттың жалпы ауданы 8100 м² құрайды. Аппақ ғимараттың сыртқы жабыны шыны фибробетон материалымен қапталған. Ғимарат 4 қабатқа бөлінген. Бірінші қабаты қабылдау бөлімі. Яғни, бұл қабатта қонақтарды қарсы алатын орын, киім ілгіш, көрмелік кеңістіктер, кішігірім азық-түлік дүкендері, ескерткіштер мен сувенирлер дүкендері орын алады. Екінші қабатта, «Ұлттық ойындар мен ойын-сауық» секторында ойын-сауық және ұлттық ойындар, білім беру, салт-дәстүр, әскери-спорт, көңіл көтеру-эстетикалық, коммуникативтік және басқа да қоғамдық іс-шаралар қойылады. Ойын секторы жанды және виртуалды болып, екі секцияға бөлінеді. Жанды секцияда «Тоғыз құмалақ», «Алтын сақа», қазақ стилінде жасалынған «Алтыбақан» аттракциондық ойындары болады. Ал, виртуалды секциясында арнайы электрондық құрылғылар мен автоматтарда «Шорғайға шабу», «Қыз қуу», «Бәйге», «Аламан бәйге», «Аударыспақ», «Күме алу», «Жорға жарыс», «Қазан», «Жамбы ату», «Бөрік теппек», «Лақ-ұстау», «Тоқты алу» және тағы да басқа қызметтер көрсетіледі деп жоспарлануда.

Заманауи қала ортасын дәстүрлі тәсілдермен жобалау, еліміздің сәулетін дамытуға өз үлесін қосады, сонымен қатар айтарлықтай ерекшелік береді.


Дәстүрлі сәулетіміздің аса маңызды элементі болып саналатын, киіз үй пішініне ұқсас салынған басты ғимарат, ойын-сауда орталығы функциясын атқарады. Басты ғимаратты қоршайтын ортада дәстүрлі тәсілді сақтау стилінде абаттандырылады. Жобаланатын ғимарат территориясында көңіл көтеретін ойын-сауық, демалыс орындары, саябақтар, ашық ауадағы және ғимарат ішіндегі дәстүрлі стильдегі мейрамханалар, қазақтың әшекей өнерін, киім кешек, қолөнер, ағаш бұйымдарын көрсетіп қоятын көрмелік кеңістіктерден тұратын болады. Жобаның доминантты бөлігі болып табылатын басты объект киіз үйдің пішінін қайталайды (2 сурет).



2 сурет. Киіз үй пішіндес бас ғимарат пішіні

Ғимараттың стиліне тоқталатын болсақ, бұл дәстүрлі қазақи этностиль мен заманауи бионика стилінің симбиозы деп айтуға болады. Яғни, бас ғимарат постмодернизм стилінде орындалса, қосалқы ғимараттар және бас жоспардың жалпы концепциясы бионика стилінде орындалған. Сәулеттік шешімі қарапайым әрі қызықты болып келеді. Көрсетілген жобаның ерекшелігі мен бірегейлігін ашатын, кіші сәулет формаларының да дәстүрлі қазақ ою-өрнек түрлерін қайталауда.

Қосалқы ғимараттар да ою-өрнек пішіндес, қызықты формаларда орындалады. Кіші сәулет нысандары да қазақтың ұлттық ою-өрнектері пішінін қайталайды (3 сурет).



3 сурет. Кіші сәулет нысандарынан көрініс

Аталмыш жоба, өзінің бірегейлігімен, сәулеттегі этностилін жаңғыртумен, қазақ өнерін таныстырумен ерекшеленеді.

Жоба барысында қазақ өнерінің дәстүрлі тәсілдерін қолданудың негізінде қоршаған ортаны жобалаудың қазіргі заманғы дизайны анықталады. Ұлттық мәдениетті сақтау және рухани жаңғырту мәселесі мен заманауи экологиялық дизайн және қолөнер саласында тығыз байланыс орнатылған.

Аталмыш жоба – бұл өткен ғасырға саяхат жасау және өткен ғасырдың атмосферасын сезіну үшін нақты көшпенділердің бейнесін сезінудің бірден-бір мүмкіндігі. Ұлттық мәдени кешен қонақтарды қазақ халқының бай тарихымен, мәдениетімен, өнерімен және салт-дәстүрімен таныстырады, онда қалаған адам көшпелілер өркениетінің этномәдени ортасына ауысатын болады және ауылдың күнделікті және мерекелік өміріне толығымен ие болады.

Жоба территориясында қазақ музыкалық және театр өнерінің фестивальдері, өнер және қолөнер шеберлерінің шеберлік сағаттары, қолөнер көрмелері, этникалық музыкалық фестивальдар, ат спорттық жарыстары, ұлттық спорт түрлерінен жарыстар және басқа да іс-шаралар өткізуге мүмкіндік болады. Кішігірім сәулеттік нысандар - өздерінің қарапайым функциялары бар ландшафттық сәулеттік құрылымдар, жабдықтар мен көркем және сәндік элементтер, жобаның жалпы құрамын толтырады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік. Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар. - URL: http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy (қаралған күні: 11.04.2017).
2. Туров И.С. Городской образ жизни: Теоретический аспект // Социологические исследования. - 2002. - №1;
3. Культура города: Проблемы качества городской среды: Сборник научных трудов / Под ред. В.Л. Глазычева. - М., 2005. - С. 131.
4. Гидденс Э. Социология /При участии К. Бердсолл. Пер. с англ. Изд. 2-е. - М., 2005. - С. 131.
5. Орлова Э.А. Современная городская культура и Человек. - М., 1987. - С.23.
6. Карлейль Т. Этика жизни. Авторский сборник. Изд.: Арт Презент, 2013. – 672 с.
7. История философии в кратком изложении /Пер. с чеш. И.И. Богута. - М.: Мысль, 1994. – 590 с.

Т.К. Самуратова, А. Наурызбаева

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
Нур-Султан, Казахстан*

Особенности использования традиционных способов в организации современной городской среды

Аннотация: В статье рассматривается эффективность организации современной городской среды. Были проанализированы научные труды ученых ближнего и дальнего зарубежья о влиянии городской среды на культуру человека, раскрыты понятия «окружающая среда», «городская среда», «человек и пространство». Показана эффективность использования особенностей национальных традиционных идей в организации современной городской среды, а также охарактеризованы особенности использования национальных символов. Согласно проекту, главное здание в форме юрты, которая является наиболее важным элементом нашей традиционной архитектуры, выполняет функции торгово-развлекательного центра. Стиль здания представляет собой симбиоз традиционного казахского этноса и современного архитектурного стиля Bionica. Главное здание выполнено в стиле постмодернизма, а вспомогательные здания и сама концепция проекта представляют стиль «бионика». Архитектурное решение простое и вместе с тем интересное. Представлены результаты эксперимента.

Ключевые слова: духовное возрождение, окружающая среда, городская среда, человечество и пространство, архитектура, городское планирование, город и дизайн, традиционные подходы, дизайн.

T.K. Samuratova, A. Nauryzbayeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Features of using of traditional ways in the organization of the modern urban environment

Abstract: The article shows the effectiveness of the organization of the modern urban environment. The works of scientists of near and far abroad about the influence of the urban environment on human culture were analyzed, and also the concepts of “environment”, “urban environment” and “man and space” were disclosed. The article considers the effectiveness of using the features of national traditional ideas in the organization of the modern urban environment, and features of using the national symbols are also characterized. The main building, which is the most important element of our traditional architecture, is a centrally located shopping center in the form of a yurt. The main building is built in the style of postmodernism - it is a symbol of the traditional Kazakh ethnos and modern architectural style of Bionica. The main building is made in the style of postmodernism, and ancillary buildings and the concept of the project itself represent the style of “bionics”. The architectural solution is simple and at the same time interesting. The results of the experiment are presented.

Keywords: spiritual revival, environment, urban environment, humanity and space, architecture, urban planning, city and design, traditional approaches, design.

References

1. Kazakstannyn yshinshi jangyiruyi: jahandyk basekege kabilettilik [Kazakhstan's Third Revival: Global Competitiveness]. Memleket basshyisi N.Nazarbaevtyн Kazakstan halkyina joldaуy [Address of the Head of state Nursultan Nazarbayev to the people of Kazakhstan], January 31, 2017. Available at: http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy (Accessed: 11.04.2017). [in Kazakh]
2. Turov I. S. Gorodskoy obraz jizni: Teoreticheskiy aspekt [Urban way of life: Theoretical aspect], Sotsiologicheskie issledovaniya [Sociological research] (1) 2002. [in Russian]
3. Kultura goroda: Problemy kachestva gorodskoy sredy [Culture of the city Problems of urban environment quality]. Sbornik nauchnyh trudov / Pod red. B.JI. Glazycheva [Collection of scientific papers / Edited by B.JI. Glazychev] (Moscow, 2005, 131 p.). [in Russian]
4. Giddens A. Sotsiologiya. Pri uchastii K. Berdsoll [Giddens Anthony. Sociology. With the participation of K. Birdsall] Per. s angl. [Translation from English]. Second edition (2005, p. 131). [in Russian].
5. Orlova E.A. Sovremennaya gorodskaya kultura i CHElovek [Modern urban culture and Man] (Moscow, 1987, 46 p.).
6. Carlyle T. Etika jizni [Ethics of life] Avtorskiy sbornik. Izd.: Art Present [Author's collection. Publisher: Art Present], 2013, 672 p.
7. Istoriya filosofii v kratkom izlojenii [History of philosophy in summary] Per. s chesh. I.I. Boguta [Translation from Czech I.I. Boguta] (Thought, Moscow, 1994, 590 p.).

Авторлар туралы мәлімет:

Самуратова Т.К. – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының профессоры, Сәтпаев көш., 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Наурызбаева А. – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Дизайн» мамандығының магистрі, Сәтпаев көш.2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Samuratova T.K. –Professor, Design and Engineering Graphics Department, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str., 2, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Nauryzbaeva A. –Master in Design, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str., 2, Nur-Sultan, Kazakhstan.

XFTAP 14.07.07

Г.М.Текесбаева¹, А.М. Текесбаева²

¹*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан*

²*Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан*

(E-mail: ¹guljantal@mail.ru, ²tekesbaeva_anar@mail.ru)

Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы шешендік сөздердің маңызы

Андатпа. Қазақ халқы сөз өнерін жоғары бағалаған. Шешендік өнер мол білімді, ой-өрістің кеңдігін, ұзақ жаттығуды қажет етеді.

Қазіргі таңда оқушылардың халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылықтарын ояту, сондай-ақ, оқушылардың өз ойларын дұрыс, сауатты жеткізу, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мәселесі жиі айтылып жүр. Бүгінгі мектеп оқушысы, ертеңгі маман иелерінің ауызша сөйлеу мәдениетін дамытудың маңызы зор. Осы орайда білім берудің түпкі нәтижесін құзыреттілік тұрғысынан айқындау, оқытуды құзыреттілік тұрғысынан ұйымдастыру қолға алынуда. Қазақ ауыз әдебиетінің мол қазынасы – шешендік сөздер.

Шешендік сөздер – ғасырлар бойы халық сынынан өткен құнды мұра. Ол терең ойға, ұтқыр шешімге, тапқыр логикаға құрылады. Мақалада қазақ тілі сабақтарында оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін жетілдіруде шешендік сөз үлгілерінің қолданудың маңызы туралы айтылады.

Түйін сөздер: құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік, шешендік өнер, сөйлеу мәдениеті, қазақ ауыз әдебиеті, оқушы тұлғасы, білім.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2019-127-2-99-104>

Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесін дамытудың негізгі міндеттерінің бірі – білім берудің мазмұнын жаңарту. Бүгінгі күн талаптарына сай оқушыларға білім беру тек белгілі бір ғылым саласынан білім, білік, дағдыны меңгертіп қана қоймай, оқушы тұлғасын дамытуға, өмірде кездесетін мәселелерді өз бетінше тиімді шеше білуге, оқушының өзіне және өзгеге сын көзбен қарап, әлеуметтенуіне мүмкіндік беретін білімділік, тәжірибе мен түрлі қабілеттерді меңгеруге бағытталуы керек.

Жаңартылған білім беру мазмұны оқушының жеке тұлғалық қасиеттерін дамытып, алған білімдерін өмірде қолдана білуін қалыптастыруды көздейді. Яғни, қазіргі таңда әлемдік білім кеңістігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін нәтижеге бағытталған білім беруді көздеп отырмыз. Түпкі нәтижені құзыреттілік тұрғысынан айқындау, оқытуды құзыреттілік тұрғысынан ұйымдастыру білім беру үдерісіне дендеп енді. Осыған орай «құзырет», «құзыреттілік» терминдері жан-жақты қолданыла бастады. Н.Хомский құзыреттілікті айырықша тілдік қызметті атқаруға қажетті қабілеттілік деп таныса [1], И.Л. Зимняя «құзырет» терминінің мәні «құзыреттіліктен» әлдеқайда кең мағына беретінін, «құзырет» адамның жұмысының аспектісі ретінде көрінсе, «құзыреттілік» осы аспектіні орындай алу деңгейімен анықталатынын айтады [2]. «Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде» «құзыр» ұғымына «қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» деген анықтама берілсе [3], С.И.Ожегов сөздігінде «құзыреттілік – белгілі бір мәселені жан-жақты білу» екендігі айтылады [4].

Құзыреттілікке берілген анықтамалардың әр түрлілігі, біздің ойымызша, оның кең мағыналылығынан және әр салада мамандар даярлау ерекшеліктерінен және оны зерттеуші ғалымдардың түрлі теориялық тұрғыдан қарастыруымен байланысты болады деп есептейміз.

Білім нәтижесі ретінде көрінетін құзыреттіліктің түрлеріне де қатысты сан алуан пікірлер бар. Кейбір ғалымдар оқытудың мақсаты коммуникативтік құзыреттілік болып табылады десе, енді бір ғалымдар оқытудың мақсаты ретінде тілдік құзыреттілік пен коммуникативтік құзыреттілікті атайды.

Вютютнев М.Н. коммуникативтік құзыреттілікке адамның қарым-қатынас жасау барысында жағдайға бейімделу қабілеттілігі немесе сөйлеу кезінде өзіне қажеттіні таңдай алуы мен іске асыру қабілеттілігі деп анықтама бере отырып, оның үш: бастапқы, ортаңғы және дамыған түрі екендігін айтады [5].

Ж. Дәулетбекова, Қ. Рай, Г. Нұрышева, Р. Рахметовалар коммуникативтік құзыреттілікті қоғамдық қатынастарда тілдесім заңдылықтары мен ережелерін адамның орындай алу қабілеті екендігін айта келе, оның лингвистикалық, психологиялық, әдістемелік тұрғыдан бір арнаға тоғысқан жүйе болып табылатынын атады [6].

Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың маңызы зор. Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді жолдарының бірі – сабақ барысында шешендік сөздерді қолдану.

Қазақ ауыз әдебиетінің мол әрі рухани асыл қазынасы, халық даналығының үлгісі – шешендік сөздер. Халқымыздың шешендік сөз тарихы Майқы биден басталып, Жиренше шешен, Асан қайғы, Шалкиіз, Бұқар есімдерімен жалғасып, Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке би есімдерімен қанатын кеңге жайып дамып келеді.

Шешендік өнер – көргені мен білгенін көкейге тоқып, үйреніп үнемі ізденудің арқасында айтыс-тартысқа түсіп, жалықпай жаттығудың арқасында дамып, жетіліп отыратын өнер. Бұл өнердің түрі туралы Бұқар жырау:

*...Көш бастау қиын емес –
Қонатын жерде су бар.
Қол бастау қиын емес –
Шабатын жерде жау бар.
Шаршы топта сөз бастау қиын –
Шешімін таппас дау бар [7], -*

деп, шешендік сөздің қиындығын әрі оның көбіне дау үстінде, ел тағдыры талқыланған кеңес кезінде туатынын аңғартады.

Қазақ шешендері, білімпаз билері халқымыздың ел басқару жүйесінде соттың рөлін атқарған. Алғыр-тапқырлығымен, әділдігімен көрінген би-шешендер ел ішіндегі түрлі дауларға араласып, кесімді шешім айтып отырған.

Ұзақ сөзбен емес, ұрымтал ой, ұшқыр қиялымен саралай отырып, дәлелді сөздер екі елдің арасын бітістіруші, мәмілегер екендігін танытады.

Шешендік сөздің көпшілігі өзінің тәрбиелік, дидактикалық мазмұнына сәйкес қолданылып, ақыл-кеңес беріп, адам бойындағы адамгершілік қасиеттерді насихаттап, айтар ақылын, өнеге-өсиетін шешендік толғау түрінде білідерді. Оған халық арасында «Жанқұтты шешенге Шабанбай бидің берген батасы» [7] деп аталатын әңгіме дәлел бола алады.

Шешендік сөздердің бір тобы сұрақ-жауап түрінде де айтылады. Мұндай шешендік толғаулардың негізі өмірдегі көрген-білгенінен түйген ой-қортынды болып келеді.

«Бұл дүниеде не өлмейді?» деген Жәнібек ханға Жиренше шешеннің айтқан жауабы шешендік жауапқа жатады.

*Асқар таудың өлгені –
Басын бұлттың жапқаны.
Ай мен Күннің өлгені –
Еңкейіп барып батқаны.
Аққан судың өлгені –*

*Аязда мұз боп қатқаны.
Қара жердің өлгені –
Қар астында жатқаны.
Ажал деген – атқан оқ,
Одан ешкім құтылмайды,
Бір Алланың қақпаны.
Бұл дүниеде не өлмейді?
Жақсының аты өлмейді.
Ғалымның хаты өлмейді [7], - деген екен.*

Сұрақ-жауап түріндегі шешендік толғауларда бастан кешкен тәжірибе мен жинақтаған білім сабақтаса келіп, қоғамдағы белгілі бір жайды немесе табиғаттағы белгілі бір құбылысты, заңдылықты ашып көрсетуге арналады.

Қазақ – сөз қадірін білген халық. Қазақтың дәстүрінде кім де болса аталы сөзге тоқтаған. халқымыз сөзге құлақ қойып, тоқтай білуді де даналық деп таныған. Қазақ би-шешендері бұл дәстүрді құрметтеп, өздері де ұстанған. Ақылға қонымды сөзге тоқтау үлгісі қазақ билерінің сөздерінде де кездеседі.

*Бірде Төле би мен Қаз дауысты Қазыбек би ертеректе өлген кісінің құнын даулап,
Кіші жүзге келеді. Дау бірнеше күнге сөзылып, екі жақ келісімге келе алмады. Бір күні есік
жақта отырған бір жігіт:*

*Асқар тау, сенде бір мін бар – асу бермейсің,
Тасқын су, сенде бір мін бар – өткел бермейсің,
Билер, сендерде бір мін бар – басқаға сөз бермейсің, -
деп тұрып кетеді.*

- *Шақыршы ана жігітті, -дейді Әйтеке. Билердің аға тұтқан жасы үлкені Әйтеке болғандықтан, жігітті шақыртып келтіреді.*

- *Енді төрелігін айтып, осы дауға өзің ие бол, - дейді Әйтеке би.*

Сонда жігіт:

- *Алты атасын арқалап жүргенді сіздерден көрдім, жеті атасын жетектеп жүргенді сіздерден көрдім. Ескіріп кеткен дау екен. Құр қайтсаңыздар, ағалық назаларыңа қалармын. Ердің құны – жүз қара ғой. Кіші жүз санын жүзге толтырып табынша-торпақ берсін, соған разы болыңдар, - дейді. Екі жағы да разы болады. Сөйтіп, Әйтеке би жүйелі сөзді айта білгенді құрметтеп, соған тоқтаудың өнегесін көрсеткен екен [7].*

Шешендік сөздердің көбі мән-мағынасы жағынан мақал-мәтел, қанатты сөздер болып келеді. Кейде сұрақтарға жауап беру онша қиын да емес сияқты болып көрінеді. Алайда олардың қыр-сыры ашып, сөз өрнегін нақыш бояуымен үйлесімді етіп, «қиыннан қиыстырып» орынды қолдана білу – қиынның қиыны. Осындай қанатты сөздер мен нақылдарды тауып, мақал-мәтелдерді ұтымды қолдана білуі би-шешендердің тапқырлығы мен шеберлігін танытады. Бірде үлкен мәжіліс-кеңесте Қазыбек биге: «Кім жақын? Не қымбат? Не қиын?» деген үш сұрақ қойылады. Сонда Қазыбек би еш ойланбастан былай деп жауап қайырған екен:

*Тату болса, ағайын жақын,
Ақылшы болса, апайың жақын.
Бауырмал болса, інің жақын,
Алдыңа тартқан адал асын –
Қимас жақын қарындасың.
Сыйлас болса, нағашың жақын,
Адал болса, досың жақын,
жан серігің жас кезіңнен,*

*Бәрінен де – әйелің жақын! –
деп, бір түйіп тастайды да, екінші сұраққа орай:*

*Алтын ұяң – Отан қымбат,
Құт-берекең – атаң қымбат.
Аймалайтын анаң қымбат,
Асқар тауың – әкең қымбат.
Мейірімді анаң қымбат,
Туып-өскен елің қымбат.
Ұят пенен ар қымбат,
Өзің сүйген жар қымбат, -*

деп, тағы бір тоқтап, үшінші сауалға ауысады:

*Арадан шыққан жау қиын,
Таусылмайтын дау қиын.
Шанышқылаған сөз қиын,
жазылмаса дерт қиын,
Іске аспаған серт қиын,
Ақылыңнан адасып,
Өзің түскен өрт қиын! [7]*

Аталған шешендік сөз үлгісінен Қазыбек бидің жаратылысынан дарынды, ойлау қабілетінің ұшқырлығы айтқан сөзінен, өнегелі лебізінен, тілінің шеберлігінен көрінеді. Еш ойланбастан сол сәтте туған шумақтарынан тапқырлығы мен суырыпсалма ақындық қасиетін танымыз.

Қазақ тілі сабақтарында осындай шешендік сөз үлгілерін пайдалану, оқылым, тыңдалым, жазылым, тілдесім, айтылым бойынша түрлі тапсырмалар орындату арқылы оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырып, оларды сөз өнерін құрметтей білуге тәрбиелейді. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге ықпал ете отырып, берілген ақпаратты түсіне отырып, түрлі пайымдаулар мен қорытынды шығаруға жетелеп, түрлі жағдаяттарды шешуге, өзіндік пікір білдіруге, шешім қабылдауға үйретеді. Шешендік сөз үлгілерін жағдаяттық тапсырмаларды орындауда оқушылардың рухани дүниесін байытып, жеке тұлға ретінде қалыптасуға септігін тигізіп, бұрынғы алған білімдерін тереңдетіп, жаңа ақпаратты өңдеп, сұраптай білуге, тиісті жағдаяттарды қолдана білуге итермелейді. Оқуға, пәнге деген қызығушылығы оянып, оқу әрекетіне белсенділігі артады, танымдық ой-өрісі дамиды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Хомский Н. Язык и мышление. / Н. Хомский – М.: Изд-во. Московского университета, 1972. – 122 с.
- 2 Зимняя И.Л. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования / И.Л. Зимняя // Высшее образование сегодня. – 2003. - № 5. – С.15-18
- 3 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология / Жалпы ред. басқ. А.Қ.Құсайынов. – Алматы: Мектеп, 2007. - 256 б.
- 4 Ожегов С.И. Словарь русского языка / Под ред. чл.-корр. АН СССР П.Ю.Шведовой. –18-е изд., стереотип. - М.: Русский язык, 1987. - 748 с.
- 5 Вятютнев М.Н. Научные традиции и новые направления в преподавании русского языка и литературы / М.Н. Вятютнев // докл. Сов. Делегации на VI Конг. МАПРЯЛ. - Москва: Русский язык, 1983. - 269 с.
- 6 Дәулетова Ж., Рай Қ., Нұрышева Г., Рахметова Р. Тілді оқыту интеграциялық білім мен интеллектуалдық тұлға қалыптастырудың сабақтастығы: Монография. / Ж. Дәулетова,

Қ. Рай, Г. Нұрышева, Р. Рахметова – Алматы: «Нурай Принг Сервис». - 2014, 120 б.
7 Қазақтың шешендік сөздері. / Құрастырып, толықтырып өңдеген: Б. Адамбаев. - Алматы: «Ана тілі», 2006. – 160 б.

Г.М. Текесбаева¹, А.М.Текесбаева²

¹*Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан*

²*Казахский государственный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан*

Значение ораторских слов в формировании коммуникативной компетенции учащихся

Аннотация: Казахский народ всегда высоко ценил искусство речи. Ораторское искусство требует больших знаний, глубоких размышлений, долгих упражнений и длительного обучения.

В настоящее время часто поднимаются вопросы о том, как повысить интерес учащихся к устному народному творчеству, научить школьников правильно и грамотно выражать свои мысли, повысить культуру их речи. Развивать устную культуру речи сегодняшних учеников очень важно. Необходимо планировать и организовывать учебный процесс с точки зрения компетенций. Ораторские слова являются сокровищем казахского устного фольклора. Ораторские слова - это ценное наследие, веками анализирующееся народом. Они основаны на глубоких мыслях, мобильных решениях и находчивой логике.

В статье говорится о значении и важности использования образцов ораторского искусства в совершенствовании коммуникативной компетентности учащихся на уроках казахского языка.

Ключевые слова: компетентность, коммуникативная компетентность, ораторское искусство, культура речи, казахский фольклор, личность учащихся, знание.

G.M. Tekesbayeva¹, A.M. Tekesbayeva²

¹*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

²*Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan*

The value of oratorical words in the formation of pupils' communicative competence

Abstract: The Kazakh people always appreciated the art of speech. Oratorical art requires a great knowledge, deep thinking, extensive practice, and long-term learning.

Nowadays, issues are often raised about how to increase students' interest in oral folk art, teach schoolchildren to correctly and correctly express their thoughts, and raise the culture of their speech. It is very important to develop oral speech culture of today's students. Therefore, it is necessary to plan and organize the learning process from the point of view of competence. Oratorical words are a treasure of Kazakh oral folklore.

Oratorical speech is a precious heritage passed on for centuries. They are based on deep thoughts, your decision, and logic. The article talks about the significance and importance of using oratory samples in improving the communicative competence of students in the lessons of the Kazakh language.

Keywords: competence, communication competence, public speaking, speech culture, Kazakh folklore the personality of the students.

References

1. Homskij N. Jazyk i myshlenie. [Language and thinking] (Izd-vo. Moskovskogo universiteta. Publishing house. Moscow state University), (Moscow, 1972, 122 p.).
2. Zimnjaja I.L. Kljuchevyje kompetencii – novaja paradigma rezul'tata obrazovanija [Key competences – a new paradigm of educational outcomes] , Vysshee obrazovanie segodnja [Higher education today], (5), 15-18 (2003).

3. Kazak tili terimderinin salalyk gylymi tusindirme sozdigi: Pedagogika zhane psihologija [Dictionary of terms of the Kazakh language: Pedagogy and psychology] / Zhalpy red. bask. A.Kusajynov. [General ed other. A. G. Almaty Read more ... – Almaty: school] (Mektep, Almaty, 2007, 256 p.).
4. Ozhegov S.I. Slovar' russkogo jazyka [Dictionary of the Russian language] / Pod red. chl.-korr. AN SSSR P.Ju.Shvedovoj. [Under the editorship of corresponding member.-Corr. USSR Academy of Sciences P. Shvedova] 18-ed., stereotype (Rus. yaz., Moscow, 1987, 748 p.).
5. Vjatjutnev M.N. Nauchnye tradicii i novye napravlenija v prepodavanii ruskogo jazyka i literatury [Scientific traditions and new directions in teaching Russian language and literature], Dokl. Sov. Delegacii na VI Kong. MAPRJaL [Doc. Owls'. Delegation at the VI Cong. MAPRYAL] (Rus. yaz., Moscow, 1983, 269 p.).
6. Dauletova Zh., Raj K., Nurysheva G., Rahmetova R. Tildi okytu integracijalyk bilim men intellektualdyk tulga kalypstasturdyn sabaktastygy [Language learning continuity in the integration of education and formation of the intellectual personality]. Monograph («Nuraj Pring Servis», Almaty, 2014, 120 p.).
7. Kazaktyn sheshendik sozderi [Oratory words] Kurastyrgan, tolyktyrgan, ondegen B.Adambaev. Almaty: «Ana tili» [Compiled, supplemented, processed B. Adambaev [The dictionary implemented two-way translation. Almaty: “mother tongue»], 2006, 160 p.

Автор туралы мәлімет:

Текесбаева Г.М. – п.ғ.м., аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.

Текесбаева А.М. – п.ғ.к, қауымдастырылған профессор, педагогика және психология факультеті, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail:

Tekesbayeva G.M. – Master of Education, Senior Lecturer, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Tekesbayeva A.M. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan.

XFTAP 14.07.05

Қ.Қ. Шалғынбаева, А.М. Сүлеймен

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: kadisha1954@mail.ru, ainura_suleimenova1993@mail.ru)*

Ұрпақтар сабақтастығын сақтауда халықтық тәрбиенің рөлі

Андатпа. Бұл мақалада қазіргі уақытта әлеуметтік мәселе ретінде ұрпақтар сабақтастығы және өзекті мәселердің бірі «қарттар үйінің» көбеюінің себеп салдары жайлы қарастырылады. Ұрпақтар сабақтастығын сақтауда отбасының және халықтық педагогиканың рөлі мен маңызы көрсетіледі. Халықтық тәрбие бұл ұрпақтар сабақтастығының сақталып, ары қарай үйлесімді жалғасуында басты рөл атқаратынын жеткізеді. Халықтық тәрбие жайлы тек қазақ халық педагогикасының ғана өкілдері емес сонымен қатар, шет елдік ғалымдардың да ой пікірлері жазылған. Мақалада «қыз бала», «ұл бала» тәрбиесі, «жеті ата» институты, салт-дәстүр, ұлттық мәдениет жайлы мысалдар келтірілген.

Түйін сөздер: сабақтастық, ұрпақтар сабақтастығы, қарттар үйі, отбасы, тәрбие, халықтық педагогика, салт-дәстүр.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2019-127-2-105-111>

Кіріспе. Бүгінгі таңда бүкіл әлем жаңа технологиялық желімен қамтылған. Барлық нәрсе жаңаруда және жаңғыртылуда. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің 2012 жылы жарық көрген «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «... Қазақ тарихында жеті аталық ұстаным, рулық байланыс институттары, белгілі дәрежеде сол желілік типтегі далалық биокомпьютерлердің рөлін атқарып күн сайын өз жадын өзі мыңдаған есе көбейтіп отырған. Бұл сияқты күн сайынғы байланыс, жеті аралық ұстаным бойынша болып жататын аралас-құраластық қазақтардың ру, жүз, этнос туралы танымын бірте бірте кеңейтіп, бүкіл халықтың білім өрісінің биіктеуіне себепші болған» деп жазады. [1, 39 б.] Расында, аға ұрпақ жеті аталық ұстаным бойынша әркім өзінің ата бабасын ғана біліп қоймаған, сонымен бірге олардың ұлағатты істерін, мінез-құлық ережелері мен қалдырып кеткен мәдени мұраларын танып-біліп, жадында сақтап отырған. Яғни, Елбасы ұрпақтан ұрпаққа сабақтастық арқылы сақталып келген халықтық педагогиканың құралдарын: халық ауыз әдебиетін; салт-дәстүрлер; әдет-ғұрыптар; жеті аталық ұстаным және т.б., асыл мұраларды ұлы даланың желілі ғажайып компьютерлері іспеттес дегені. Бұл дала компьютерлері бүкіл халықтың құлағына күн сайын бабалары туралы тек жақсылықты құйып, рухани тектілігін дәріштеп, ұлттық сенімін орнықтырып отырған. Бұндай сенімдер әр қазақтың тарихи нақтылы деректі өз жүрегімен сезінуіне негізделген. Демек, қазақ қоғамында ұлттық құндылықтарды: ұлттық рух, ұлттық дәстүр, ұлттық код, ұлттық сана, ұлттық сезім және т.б., құндылықтар сақталып ұрпақтан ұрпаққа сабақтастықпен беріліп отырған.

Зерттеудің мақсаты. Мәселен, философиялық энциклопедиялық сөзінде сабақтастыққа мынадай анықтама берілген: «*Сабақтастық - дамудың әртүрлі кезеңдерінің немесе сатыларының арасындағы байланыс, оның мәні жаңа күйге көшу барысында тұтас нәрсенің қандай да бір элементтерін сақтап қалу*», - делінген [2, 256 б.]. Физиологиялық сабақтастық - тұқым қуалаушылық, генотип, материалдық және экономикалық - мұрагерлік, рухани-білім беру арқылы қамтамасыз етіледі. Зерттеуші ғалым Э.А. Баллердің анықтамасында ұқсастықты байқауға болады: «**Сабақтастық** тұрмыстың, танымның дамуының әртүрлі кезеңдерінің неме сатыларының арасындағы байланыс, оның мәні тұтас нәрсенің жүйе ретінде бір күйден екіншісіне ауысқан кезде, бүтіннің элементтерін немесе

оны ұйымдастырудың жекелеген жақтарын сақтап қалуды білдіреді. Сабақтастық осы шақты өткен шақпен байланыстыра отырып, бүтіннің тұрақтылығын қамтамасыз етеді» - делінген [3, 196 б.]. Диалектикалық материализм тұрғысынан алғанда «...сабақтастық - бір деңгейден екіншісіне бара жатқан әрбір дамудың міндетті шарты, негізі» болып табылады. Тарихи сабақтастық бүкіл қоғамдық ілгерілеудің қажетті шарты. Сабақтастыққа талдау жасамайынша даму диалектикасын түсіну мүмкін емес, яғни сабақтастық-үздіксіз дамудың шарты. Сабақтастықтың көріністері алуан түрлі болып келеді, соның ішінде отбасылық сабақтастық, тарихи сабақтастық, жоғарыда айтып өткеніміздей ұлттық дәстүр сабақтастығы, құндылықтар сабақтастығы, ұрпақтар сабақтастығы және т.б. [4, 26-27 б.]. Біз «халықтық педагогика» тұрғысынан ұрпақтар сабақтастығы және отбасылық сабақтастыққа тоқталамыз. Бұл екі сабақтастық өзара байланысты, себебі ұрпақтар сабақтастығының сақталуының негізгі кепілі бұл отбасы тәрбиесінен бастау алады.

Халықтың бала тәрбиесіндегі отбасы туралы құнды идеялары ғұлама ойшыл Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанында жүйелі көрініс алған. Адамгершіліктің негізі отбасында қаланады деп мына төмендегідей ата-аналарға бала тәрбиесіне байланысты ақыл-кеңестер береді:

1. Баланың дұрыс тәрбиеленуі мен білім алуына көңіл бөлу ата-ананың парызы деп білу;

2. Балаға шаңырақ иесі, бабалар ісін жалғастырушы екендігін ұғындыру;

3. Баланы аруақтарды ардақтауға, ата-баба дәстүрін сақтауға, құрметтеуге, ұрпақтан ұрпаққа көздің қарашығындай жеткізе білуге баулу («Саған арнап сөз сөйледім, ей ұлым, Өсиетімді қабыл алғын, құлыным!», «Қалар мұра - сөз кісіден кісіге, Сөзді мұра тұтсаң, пайда ісіңе»);

4. Балаға өзінің (ата-ананың) мінез-құлық этикасымен үлгі болып, күнделікті өмірде қолданылатын мінез-құлық ережесін үйрету, түсіндіру («Ұл-қызыңа әдеп үйрет, білім бер, Қос жалғанда бірдей көріп күлімдер»);

5. Ата-ананың өзінен туған балаға тәрбиені өзінің беруі («Ай маңдайлы ұл-қыз туса алдында, үйінде өсір, бөтен жерде қалдырма»);

6. Баланы қайырымды, меірімді болып өсуіне назар аудару («Қайырымды бол қырық қатпар ғаламға, Көзінді ашып, білім берген адамға», «Қайда жүрсең, жасай көрме бетсіздік, Самарқаулық, ұмытшақтық, тексіздік»);

7. Балаға өмірдің әр сағаты санаулы екенін, сол себепті оны дұрыс өткізу қажеттігін ескерту («Кешкен тірлік өте берер келгісіз, қалған өмір қанша екені белгісіз. Қалған күнді текке зая кетірме, өлімді ибадат қып бекін де», «Кісі мәңгі болмас, мәңгі –ат, ары, Мәңгі қалар оның жақсы атағы») және т.б. Бұл ақыл-кеңестер күні бүгінге дейін өзінің өзектілігін жойған емес, өйткені олар бала тәрбиесіне байланысты заманауи қоғамның ата-аналарға қойып отырған педагогикалық талаптарымен үндесіп жатыр [5, 55 б].

Ұрпақтар сабақтастығы - Ата, Әке, Бала арасындағы берік үдеріс. Ұрпақтар сабақтастығы тәрбие үдерісі арқылы қамтамасыз етіледі. Халық өзінің қоғамдық және әлеуметтік тәжірибесін, рухани байлығын аға буынның кіші буынға берген еншісіндей ұрпақтан ұрпаққа беріп, сол арқылы қоғамның материалдық және рухани мәдениетінің тарихын жасайды. Ұрпақтар сабақтастығы адамзаттың өткен тарихында жасалған жақсы нәрсенің бәрін ұрпақтардың бойына сіңіріп, дамытуына, қоғамның рухани құндылықтарының алуан түрін жаңа жағдайларда байытуына жол ашады.

Тарихы. Сондықтанда біз ұрпақтар сабақтастығын сақтаудың негізгі тетігі бұл «халықтық тәрбиеде» деп ерекше атап көрсете аламыз. Себебі, «Халықтық тәрбие» - сан ғасырлар бойы аға буыннан кіші буынға тәжірибе мен білімді, білік пен дағдыны, тұрмыс философиясын, даналықты, этиканы, балаларды оқыту мен тәрбиелеу көзқарастарын беретін өз алдына «өмір оқулығы» болып табылады. Оның өзінің құралдары бар соның бірі ауызекі

шығармашылық.

Халықтың ауызекі шығармашылығы-педагогикалық идеялардың сарқылмас көзі. Ол ұрпақтардың рухани сабақтастығын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді және халықтың жазылмаған, бірақ ғасырлар бойы қалыптасқан моральдық кодексін бойына сіңіргендіктен, адамгершілік тәрбиесінің халықтық теориясына негіз болады. Орыстың ұлы педагогы К.Д. Ушинский былай дейді: «Халық ұрпақтары бірінен кейін бірі өтіп жатады, бірақ әрбір ұрпақтың өмір нәтижелері кейінгілерге мұра болып тілде қалады. Ана тілінің қазынасына ұрпақтар бірінен соң бірі терең жан тебіреністерінің жемісін, тарихи оқиғалардың желісін, сенім-нанымын, дүниетанымын, бастан кешкен қайғысы мен қуанышын жинақтайды- бір сөзбен айтқанда, халық өзінің рухани өмірінің барлық іздерін халық сөзі арқылы мұқият сақтайды. Тіл дегеніміз халықтың өткені, қазіргі және келешек ұрпақтарын бір ған ұлы, тарихи тірі әрі тұтас нәрсеге біріктіретін ең жанды, ең мол әрі кері байланыс» [6, 322 б.]. Қазақ халық педагогикасының негізін қалаған ғалымдардың бірі Қ.Б.Жарықбаев халықтық педагогиканы - тәрбиенің мақсаты мен міндетіне деген үстем көзқарасты білдіретін халық тәжірибесінің эмпирикалық педагогикалық білім саласы ретінде қарастырса, зерттеуші ғалым С.Қ.Қалиев: «халықтық педагогика-бірнеше ғасыр бойы эмпирикалық негізде жалғасып келе жатқан, жас ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық озық салт-дәстүрлердің жиынтығы»-десе, белгілі зерттеуші ғалым С.А.Ұзақбаева өзінің «Қазақ халық педагогикасы» атты оқу құралында «қазақ халық педагогикасы- халықтың ұжымдық шығармашылығының құрамдас бөлігі ретінде, педагогикалық мәдениетінің көрінісі ретінде сонау көне дәуірде туындаған. Ол халықтың жасампаз шығармашылық тәжірибесін, азды-көпті орнықты қағидаларын, арман-мүддесін, қоғамдық мінез-құлық ережелерін, ұрпақ тәрбиесі туралы көзқарасын бейнелейді» -деп анықтама береді. Сондай-ақ, ол «бүгінгі күнге дейін ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған адам баласының қолынан шыққан көркем туындыларда (мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар, аңыз-әңгімелер, ертегілер, эпостық жырлар, термелер, әндер, күйлер, сәндік қолөнер және т.б.) халықтың педагогикалық мәдениетінің баға жетпес байлығы айқын көрініс тапқан» -дейді [5, 56 б.].

Халық педагогикасының теориялық негіздерін зерттеуші ғалым Е.Л. Христова халық педагогикасын - «халықтың таптық-педагогикалық санасы» деп, ал «дәстүрлі педагогиканы- ұлттық педагогиканың белгілі бір саласы» ретінде қарастырады. Зерттеуші педагог Г.С. Виноградов халық педагогикасын халықтың педагогикалық мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырып, оны «жүйе» дегеннен гөрі, «білім мен дағдылар жиынтығы» деген пікірді құптап келген [4, 75 б.]. Халықтық тәрбие болашақ ұрпақ, қазіргі ұрпаққа терең жүйемен адамгершілік қасиеттерді санасына бойына мәңгіге қалыптастырады, әрине қалыптастыратын саналы ұрпақ болса. Біздің қанымызға берілетін адалдық-адамгершілік қасиеттер, өткірлік сыпайылық барлығы тәрбие арқылы сіңеді. Адам баласы алғашқы кезден ақ өз ұрпағын өмірге, еңбекке үйретіп, жеткізіп келе жатқанын біз білеміз. Қазіргі уақытта көптеген адамзат үшін пайда болған және оған қызмет етіп келе жатқан ғылым салалары бар, соның бірі халықтық педагогика жоғарыда айтып өткеніміздей.

Сонымен қатар, халықтық тәрбиенің негізгі құраушысы және ұрпақтар сабақтастығын сақталуының негізгі көрінісі болып табылатын бұл жоғары да айтып өткеніміздей «жеті ата» ұстанымы. Бұл ұғымға кеңінен тоқталып өтсек, «жеті ата» — қазақ халқының дәстүрлі салт-санасындағы адамның ата жағынан тегі таратылуының нақтылы жүйесі. Бала өзінен бастап әкесі, атасы, бабасы және т.б., жеті атасының нақтылы есімдерін кішкентайынан жаттап өседі. Бұлардан тараған ұрпақтар бір атаның балалары саналады. Ал екінші жағынан баладан тарайтын ұрпақ әкеден төмен қарай жалғаса береді. Ата-тек атаулары: ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене [7, 16 б.].

Жеті ата институты қазақ халқының өткеннен болашаққа деген сенімін мың сан ұрпақтар арқылы сабақтастырып отыратын тетік ретінде танылған. Ол отбасының, рудың,

халықтың өмір тіршілігінде жақсылыққа деген сенімін орнықтырып, пәтуа-бірлігінің ұйытқысы болған. Осылайша қазақтың нақтылы өмір-тіршілігіне тірек болған сенім мейлінше ықпалды да жаңашыл құралға айналған. Ұрпақтардың тікелей сабақтастығы арқылы беріліп отыратын мұндай сенім өмір-тіршіліктің ойы мен қырында адамның ішкі қуатына айналып, өресін әлдеқайда биіктетіп отырған. Мұндай сенім сыртқы дүлей күштің зорлық-зомбылығы тудырған қиын кезеңдерде жеке адам мен тұтас халықтың таңдауының тарылмауына, ойынан адаспауына, жүрегі мен арының таза болуына, сол арқылы тарихтың небір қиын қыстау тәлкегінде дұрыс жол тауып отыруға себепші болған. Жеті ата ұстанымдары, туыстық байланыс институттары бабалар рухының алдында әрбір қазақ пен бүкіл халықтың іштей жауапкершілік сезімін оятып отырған. «Малым - жанымның садағасы, жаным - арымның садағасы». Көшпелілердің осынау өмірлік ғажайып психологиясы ғасырлар сынынан өтіп, шегіне жете шыңдалған. Бір ауыз сөздің аясына сахара төсіндегі мінез-құлық, салт-жора, моральдық этикалық сапа, адамдар арасындағы қарым-қатынас қалыптары сияқты қасиеттердің баршасы шоғырланған. Жеті ата ұстанымын тұғыр еткен қазақтардың барша материалдық және рухани өмірі ру аралық қарым-қатынастың айнымас әдебіне бағынған. Сондай-ақ бұл ұстанымның аясына қазақ өмірінің қылдай ауытқымайтын моральдық кодексі де, салт-дәстүр мен тыйым жораларының негізі де қамтылған. Халық педагогикасының сарқылмас мол қазынасындағы баға жетпес байлықтардың бірі әдеп тәрбиесі. Әдеп-белгілі бір халықтың әдет ғұрпында тұрақталып, қалыптасқан этикалық тәртіп. Ар-ұятқа кір келтірмеу кісіліктің басты белгілерінің бірі деп түсінген халық «Жарлы болсаң да арлы бол», «Ар-ұяты бар адам ғана иман жүзді келеді» - деп жастардың санасына құйып отырған. Әсіресе қыз баланың ар-ұжданын сақтау мәселесіне жауапкершілікпен қараған. Бұл тұрғыда оларға көптеген ақыл-кеңестер берген, халыққа сыйлы кейбір азаматтардың (қыздардың) жеке басының өнегелі істерін, қылықтарын үлгі ету арқылы әдептілікке, ізеттілікке тәрбиелеген. Ұлы Абай да қазақ қыздарының нәзік жаны мен ибалы-қасиеттерін, әдебі мен жүріс-тұрысын, сұлулығы мен ар-ождан тазалығын, кескін-келбетін, бітім-болмасын әсерлі теңдеулермен жырға қосады («Көзімнің қарасы», «Қаламқас», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы»). Жоғары адамгершілікті қасиеттер адамның сана-сезімінен, мінез-құлық мәдениетіне, әдепті ізгі істерінен, сөйлеу қабілетінен байқалады, «...ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез... бұзылма-сын!.. мінезде азғырмайтын ақылды, арды, сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын!.. Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын!» - деп, балалар мен жастарды жеңілтектіктен бойын аулақ ұстауға, біреудің сөзіне орынсыз ермеуге шақырады, адамды көрікті көрсететін мінез деген ұғымға бағдарлайды. Ұлттық әдептің негізі болып қаланған осы қағидалар «Қазақ халқының мінез-құлықтық, моральдық-этикалық дәстүрлерінен» жан-жақты көрініс алып, қаншама ұрпақтың моральдық-этикалық мәдениетінің негізін қалады [4, 83-85 б.].

К.Қ. Қожахметова өзінің «этнопедагогика» оқулығында этникалық тәрбиенің түрлері: ақыл-ой, адамгершілік, отансүйгіштік, еңбек, эстетикалық тәрбие және т.б. әр қайсысына тоқталып, мысалы: халықтық тәрбиеде жетілген адамның жетекші қасиеті ақылы болады, ол еңбектегі біліктілігі мен ептілігінің дамуын қамтамасыз етті. Халықтық тәрбиедегі адамгершілік негіздердің бірі- еңбекке деген белсенді қатынастардың дамуы, яғни:

- жеке еңбегінің қажеттігін сезіну, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, кез келген жұмысты атқаруға дайындау;
- кез келген еңбекпен оның нәтижесіне деген құрметке тәрбиелеу;
- еңбек әрекетінің дәстүрлі түрлеріне қатыстыру, практикалық дағдыларын қалыптастыру;
- ұжымдық еңбекке деген қажеттілікті дамыту, өзара көмек көрсетуге бағыттау сияқты құрамдас бөліктерін анықтауға мүмкіндіктер жасады.

Ата-аналардың, үлкендердің өнегесі, қоғамдық пікір, еңбексүйгіш адамдардың қызу қолдауы, кез келген еңбекке деген психологиялық даярлықты қалыптастырады [7, 158 б.]. Қазақ халықтық тәрбиесінің ерекшелігі жас ұрпақ дүние есігін аша салысымен, оған құрметпен қарауы және тәрибесіне немқұрайлы қарамай, сол кезден ақ қойылатын талаптар болады. Жаңа ұрпақ әлеуметтік және ұлттық ортада тәрбиеленеді. Ол жастайынан әлеуметтік-экономикалық қатынастарға араласып, халықтың әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері, өмір салты, мәдениеті ықпалымен өседі. Бала аға ұрпақтың тілін меңгеріп, оның рухани құндылықтарына бауыр басып, мінез-құлық, жүріс-тұрысы әсер етеді. Халқымыздың мінез-құлық, жүріс- тұрыс нормалары оның дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының өзегі, қазақ салттарының негізіне алынған моральдық кодекс:

- балалардың борышы- ата-ананы құрметтеу;
- ана сүтін ақтамағанды ешкім мақтамайды;
- ананың алдында асқар тауда аласа;
- анасына орын ұсынбаған, әкесіне қолын ұсынбас; т.б логикалық жүйесі тереңде жатқан көптеген талаптарды барлығымызға тән [8, 97 б.].

Осы жерде, жоғарыда атап өткеніміздей, халықтық педагогикадағы тәрбиенің түрлері бар дедік соның ішінде: бала дүние есігін ашпай жатып ана құрсағында тәрбиеленетіні көбімізге қазіргі уақытта белгілі деп ойлаймын, яғни «құрсақ тәрбиесі» Халқымыздағы құрсақ тәрбиесі туралы мысалдар келтірер болсақ, жас келіннің бойына бала біткенін сезген ене өз қамқорлығына алып, пәле-жаладан, тіл-көзден сақтаудың шарасын істей бастайды. Абысын-ажын, еселері ауыл әйелдерін жинап, құрсақ тойын өткізеді. Оған жиналған әйелдер қауымы шашуларын әкеп шашып, келінге бата, тілектерін білдіреді. Оның аман-сау аяқ-қолын бауырына алуына тілеу білдіріп, шашу шашып, датарханды түрлі дәмге толтырып, саулық жасайды. Ғұрып бойынша бала біткен келіншекті «аяғы ауыр», ішінде «көжегі бар» деп тұспалдап айтады. Бұл сөздің мәнісі жас келін қысылып ұялмасын, тіл-көздің сұғынан сақтасын деген ойдан шыққан. Бала дүние есігін ашар алдында анасын «Жер-ана қуат бер» деп жалаңаяқ жүргізеді. Толғата бастаған келіннің енесі қыстай сақтаған жылы жұмсағын қазанға салып, «жарыс қазан» асу қамына кіріседі. Бұл келін тез босансын деген ниеттен туған ырым. Одан әрі қарай, ат қою(ғұрып) ,бауырына салу(ғұрып) және бесікке салу(салт) рәсімдері болады. Бесікке салу салты қырқынан шыққан соң өткізіледі. Қазақ баласын ағаш бесікке салып асырайды. Ағаш бесік көшпелі өмірге өте қолайлы болған. Бесікке салмас бұрын құран оқылған. Баланы алғаш рет бөлеу рәсімі елдің тәрбиелі, өнегелі, ұрпақ өсірген құрметті анаға тапсырылған. Ол бесікті отпен аластап, сәбиді бесікке бөлер кезде бесіктің түбегі тұратын тесіктен құрт, ірімшік, тәттілер өткізіп, «тышты», «тышты», деп ырым жасайды. Оны тыштырма (дәстүр) деп атайды [8,146 бет]. Міне, осындай әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер нағыз берік ұлттың, бақытты баланың көрінісін көрсетеді. Ұрпақтар сабақтастығында аға буынның орта мен кіші буынның рухани байланыста болып үнемі үйлесімділікте жүруі Ата мен Әке және балаға байланысты болып табылады.

Нәтиже. Халық тәрбиесі, тәжірибеге және қалыптасқан дәстүрлерге сүйенген, сүйеніште келеді. Кез келген халық тәрбиешісі этикалық немесе әлдебір басқа ағарту ісімен ешқашанда арнайы шұғылданбаған. Ол мұның бәрін үйрете немесе көрсете (менің істегенімді істе) отырып, іс-әрекет барысында атқарған. Халық тәрбиешілері тіпті балаларға ертегі айтып, жұмбақ жасыра отырып та жеке тәрбие мақсаттары жөнінде және халықтың ауызша шығармашылығының белгілі бір туындысының мүмкіндігі жөнінде айтуға ұмтылған. Халық бәрін нақты етіп алып, ұтымды пайдаланып ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған. Сонымен қатар, біздің қазақ ойшылдары өз еңбектерінде халықтық тәрбиенің адамның тәрбиеленуінде аса маңызды қажет екенін баса айтып отырған, мысалы: М. Жұмабаев халық педагогикасын дамытуға үлес қосқан қазақтың аса көрнекті ақыны, педагог. Ол: «Тәрбие мақсаты-адам деген атты құр жалған қылып жапсырмай, шын мағыналы адам

қылып шығару» деген пікірді келтіреді. М. Жұмабаев жеке тұлғаны тәрбиелеу мақсаты мен ұлт өкілін тәрбиелеу мақсатын бірлікте қарастырады. Осыған байланысты тәрбиешілердің ұлттық тәрбиемен таныс болу керектігін атап көрсетеді. Х. Досмұхамедов, М. Дулатұлы, М. Әуезов ұрпақтар сабақтастығының берік сақталуында ана тілінің алатын орны орасан екенін көрсетсе, Ж. Аймауытов тәрбиедегі отбасы, баланың құрбылары, тума-туыстардың маңызына тоқталады. «Ата-ана, қоршаған ортадан кейінгі балаға күшті әсер ететін баланың құрбылары, жолдастары» деген. Туған-туыстардың әңгімелері, ана тілі, дүниетанымы, мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, тұрмысы балаға аз әсер етпейтіндігін жазады. Бала мінезі халық мінезіне ұқсайтындығын дәлелдегісі келеді. Ж. Аймауытов педагогикалық үдерісте баланың ақыл, сезімін, ерік-жігерін, мінезін тәрбиелеу керектігін атап көрсетті. Балаға туған елдің салт-санасын, әдет-ғұрпын көрсетуді ұсынды. Ж. Аймауытов сонымен қоса, баланың тіл байлығын арттыруға ерекше көңіл бөлді. «Ана тілі-мәдениетті меңгерудің басты құралы» деп атап көрсеткен [8, 72-73 б.].

Сонымен қорытындылай келе, халық өзінің біреуден естіп, ұнатқандарын өңдеп, толықтырып, келесі ұрпаққа жеткізіп отырады. Отбасында бала дүниеге келген күннен бастап, сан-алуан рәсімдердің болатынын, ал ер жеткенге дейін ол рәсімдердің екі есеге көбейетінін жақсы білеміз. Халық ұлы өркениеттің мұрагерлері, көшпелілер әлемінде мәдениет пен шаруашылықты бірге алып жүре отырып, тағдыр тәлкегіне түскендеріне қарамастан олар ұлттық рухты көтере білді, ұлттық мүдде үшін жұмыс жасады, ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи-рухани мұраларды өшіріп алмады, аға буын мен кіші іні буынның арасында берік сабақтастықты сақтап отырды. Тек қана келер ұрпаққа білім беріп қана қоймай, ұлттық құндылықтарымызды бойымызға таратпасақ бабаларымыз мұрадан мұраға жеткізіп отырған тілімізді, дінімізді мәдениетімізді жоғалтып алуымыз мүмкін. Олай болса, қазақ халқы ұлттық ерекшелігін бойына сіңірген, салиқалы, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеуді мақсат етіп оны бүгінгі күнге жеткізген болса, мұндай тәрбиенің тәжірибесін одан әрі жетілдіріп ұрпақтан-ұрпаққа сабақтастықпен жалғастыру болашақ ұрпақтардың басты міндеті.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. - 39 б.
2. Философский энциклопедический словарь. – М.: Госполитиздат, 1975. - 256 с.
3. Баллер Э.А. Коммунизм. Культура. Человек. 2-е изд перераб.и.доп. - М.: Сов.Россия, 1984. – 196 с.
4. Қалыбекова А. Қазақ халық тәрбиесінің асыл мұрасы. 2 басылым. - Алматы: БАУР, 2015. – 285 б.
5. Ұзақбаева С. Қазақ халық педагогикасы: Оқу құралы. – Алматы, 2012. – 556 б.
6. Ушинский К.Д. Педагогические сочинения: в 6 т. - М.: Педагогика, 1990. – Т. 6. - 322 б.
7. Қожахметова Қ.Ж. Этнопедагогика: Оқулық. - Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 158 б.
8. Мұқанова Б., Ильясова Р. Этнопедагогика. - Астана, 2008. – 146 б.

К.К. Шалғынбаева, А.М. Сулеймен

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Роль народного воспитания в сохранении преемственности поколений

Аннотация. В данной статье рассматриваются преемственность поколений как социальная проблема в современном обществе и причины появления «домов престарелых». Освещены роль и значение семьи и этнопедагогика в сохранении преемственности поколений. Народное воспитание играет главную роль в сохранении и гармоничном осуществлении преемственности поколений. Мнение о национальном воспитании имеют не только представители казахской национальной педагогики, но и зарубежные ученые. В статье приводятся примеры, связанные с воспитанием

«девочек», «мальчиков», с институтом «семи предков», традициями и национальной культурой.

Ключевые слова: преемственность поколений, дом престарелых, семья, воспитание, этнопедагогика, традиция.

К.К. Shalgynbayeva, A.M. Suleimen

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

The role of generic pedagogy in preserving the continuity of generations

Abstract: In this article, the continuity of generations as a social problem in modern society and one of the current problems, the reasons for the emergence of the “home for the elderly” are considered. The role and importance of the family and ethno-pedagogy in the preservation of the success of generations are presented. Public education plays a major role in the preservation and continuation of the glorification of generations. Not only representatives of the Kazakh national pedagogy, but also foreign scholars have an opinion about national education. The article gives examples about the education of a “girl”, “boy”, the institute “seven ancestors”, traditions, national culture.

Keywords: the succession of generations, home for the elderly, family, upbringing, ethno-pedagogy, tradition

References

1. Nazarbaev N. Tarih tolkynynda. [In the stream of history] (Atamura, Almaty, 2003, p.39).
2. Filosofskij ehnciklopedicheskiy slovar' [Philosophical encyclopedic dictionary] (Gospolitizdat, Moscow, 1975, p. 256).
3. Buller E.A. Kommunizm. Kul'tura. Chelovek [Communism.Culture.Man]. 2nd ed. Revised ed (Sov. Russia, Moscow, 1984, p. 196).
4. Kalybekova A. Kazak halyk tarbiesinin asyl murasy(ekinshi basylym) [The noble heritage of Kazakh national education (second edition)] (AUCA, Almaty, 2015, 285 p.).
5. Uzakbaeva S. Kazak halyk pedagogikasy: oqu kuraly [Kazakh folk pedagogy. Tutorial] (Almaty, 2012, 556 p.).
6. Ushinskiy K.D. Pedagogicheskie sochineniya: v 6 t. [Pedagogical consensus. In six volumes] (Pedagogika, Moscow, 1990 (6), 322 p.).
7. Kozhakhmetova K.Zh. Etnopedagogika: Oqulyk [Ethnopedagogy: Textbook] (Almaty, Kazakh University, 2014, p. 16,158).
8. Mukanova B., Ilyasova R. Etnopedagogika [Ethnopedagogics] (Astana, 2008, 146 p.).

Авторлар туралы мәлімет:

Шалғынбаева Қ.Қ. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш., 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Сүлеймен А.М. – әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының 2 курс магистранты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш., 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Shalgynbayeva. K.K. – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich str., 6, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Suleimen A.M. – Master of 2 course in the specialty «6M012300 - Social Pedagogy and self knowledge», L.N. Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich str., 6, Nur-Sultan, Kazakhstan.

МРНТИ 14.25.01

Г.К.Шолпанқұлова, Қ. Бәйтікбай

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: sh.gul@mail.ru, galia.baitikbai@mail.ru)*

**Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың
моторикасын дамыту тәжірибесі**

Андатпа. Денсаулық мүмкіндігі шектеулі азаматтардың барлық категориясы үшін қолжетімді және сапалы білім беруді жетілдіру мемлекет саясаты басымдылықтарының бірі болып табылады. Осының салдарынан қоғамда инклюзивті білім беруге сұраныс айтарлықтай жоғарылады. Бүгінгі таңда денсаулық мүмкіндігі шектеулігіне қарамастан, ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың барлық балалармен бірге білім алуы әртүрлі құқықтық-нормативтік құжаттармен (Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» заңдарымен) заңды бекітілген. Бұл құжаттарда білім алушылардың сәйкес білім бағдарламаларына тең қолжетімділігі, түзету-педагогикалық және әлеуметтік қолдау, мүмкіндігі шектеулі балалардың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі қарастырылған. Тірек-қимыл аппараттарының бұзылуы саналуан түрлі. Балалардың тірек-қимыл аппаратының бұзылуы туа біткен немесе ерте пайда болған аурулар мен зақымдар себебінен де болуы секілді көптүрлілікте ауру балалардың көпшілігінде ұқсас мәселелер байқалады. Осындай бұзылулардың себептері генетикалық және орталық нерв жүйесінің қозғалыс бөліктерінің органикалық зақымдануы, сонымен қатар тірек-қозғалыс аппаратының зақымдалуы болуы мүмкін. Әрбір бала үшін жеке ортопедтік ережені (режимді) сақтау қажетті шарт болып табылады. Сондықтан, тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар инклюзиясы туралы мәселе баланың ерекше қажеттілігі және оның өзінің әлеуетін (ресурс) нақты білім беру ұйымдарында жүзеге асыру мүмкіндіктері жеке шешілуі тиіс. Ортопед-дәрігердің ұсыныстарына сәйкес емдік дене шынықтыру нұсқаушысы (ЕДШ) оңалтудың техникалық құралдарын пайдаланумен баланың қозғалысы және отырғызу ережелері анықталады, ол баланың кеңістіктегі қолайлы орны мен қозғалысты жүзеге асыру мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

Түйін сөздер: денсаулық, физикалық денсаулық, инклюзия, инклюзивті білім беру, ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар, моторика, моторикасын дамыту, негізгі топ, дайындық топ, арнайы дәрігерлік топ.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2019-127-2-112-120>

Кіріспе. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Тұрмыс сапасын арттыру бөлімінде әл-ауқатымыздың екінші бір сипаты – өмір сүру деңгейінің артуы. Білім берудің, денсаулық сақтау саласының, тұрғын үйдің сапасы мен қолжетімділігі, жайлы және қауіпсіз жағдайда өмір сүру мәселелері әрбір қазақстандық отбасына қатысты. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған «кедергісіз орта» қалыптастыруға зор мән берілуге тиіс» - деп атап көрсетілген [1].

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасайтын мамандар даярлаудың жалпы және әдістемелік мәселелерін алыс және жақын шетелдік зерттеушілер (В.М.Аллен, Р.Лейси, Н.Уэлч, Д.И.Азбукин, Г.С.Акиева, Е.Л.Гончаров, Х.С.Замский,

Г.М.Кортова, Н.С.Морозова, Н.М.Назарова және т.б.), сонымен бірге отандық ғалымдар (В.В.Боброва, Р.К.Луцкина, З.А.Мовкебаева, Ж.И.Намазбаева, К.К.Өмірбекова, А.К.Реалдинова, Р.А.Сулейменова, А.К.Сатова және т.б.) зерттеген.

Мүгедектігі бар тұлғаны қалыптастырудағы және дамытудағы мұғалімнің жетекші рөлін (В.В.Воронкова, С.Д.Забрамная, В.З.Кантор, Е.А.Медведева, Н.Д.Шматко), мұғалім-дефектологтардың кәсіптік білім беруін ұйымдастыру мазмұнын (А.А.Дмитриев, Е.Т.Логинова, Н.М.Назарова, М.Н.Перова, Б.П.Пузанов, И.М.Яковлева) қарастырған.

З.А.Мовкебаева инклюзивті білім беру ұйымдарында жұмыс жасайтын мамандарды даярлаудың негізгі мазмұнын зерттей отырып, республиканың әлемдік білім беру кеңістігіне шығуын қарастыратын әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге және мемлекеттік білім беру саясатының гуманизациялануына байланысты мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін жаңа үлгідегі ұйымдар (оңалту орталықтары, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті, инклюзивті білім беру кабинеті) құрылуда. Сондықтан мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс жасайтын дефектологтарды дайындау арнайы ұйымдастырудың әрекет етуші желісіне бағытталып қоймай, сонымен қатар жаңа үлгідегі білім беру ұйымдарында балаларды оқыту және тәрбиелеу үшін мамандарды дайындауды қарастырады [2].

Сонымен бірге денсаулықты сақтау және нығайту дене тәрбиесі пәнімен, спорттық оқу-жаттығу сабақтарымен байланыстырылады. Жалпы білім беретін орта мектептерде оқушылардың дене мәдениетін қалыптастыру және белсенді формада дене тәрбиесі сабағында оларды жетілдіру (Қ.И.Адамбеков, Ж.Егізбаев, С.Тайжанов және т.б.), дене мәдениеті құралдарымен жеке тұлғаны дамытудағы әртүрлі құбылыстардың мәні (М.А.Арвисто, А.П.Матвеев, С.И.Касымбекова, В.А.Авраменко, В.А.Черкасов, Б.Қ.Мухамеджанов, Е.Оразбаев, Ж.Қ.Оңалбек және т.б.) мәселелерін зерттеген.

Бұл теориялық-қолданбалы мазмұндағы зерттеу жұмыстары, ондағы теориялық қағидалар мен тұжырымдардың ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың моторикасын дамытудың әлеуметтік-педагогикалық аспектілері мәселесін ашып көрсетуде маңызы зор.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Осы орайда зерттеу контекстімізде дене тәрбиесі пәні бойынша ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың моторикасын дамыту тәжірибесі қарастырылады. Осы мақсатта дамудағы ауытқушылықтар жіктемесі, соның ішінде, тірек-қимыл аппараттары бұзылған балалар типтері анықталады. Сондықтан ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың, атап айтқанда, тірек-қимыл аппараты бұзылған жағдайындағы балаларға медициналық, психологиялық, педагогикалық, логопедиялық және әлеуметтік көмек көрсету, мейлінше ертерек және толық әлеуметтенуге бейімдеу, жалпы және кәсіби білім беру, әсіресе, олардың өмірге, қоғамға, жанұяға, оқу мен еңбекке деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру секілді коррекциялық жұмыстардың негізгі міндеттерінің іске асырылуы зерделенеді.

Зерттеу әдістері. Зерттеу мәселесі бойынша алыс және жақын шетелдік және отандық психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді, ғылыми еңбектерді талдау, жинақталған тәжірибені салыстыру, қорытындылау әдістері қолданылады.

Зерттеудің нәтижелері және талқылауы. Отандық және шетелдік мамандардың пікірінше дамуында ауытқушылықтары бар балалар саны жылдан жылға өсуде, оның түрлі себептері бар. Мамандар ол себептерді эндогендік (генетикалық) және экзогендік (қоршаған сыртқы орта әсері) факторлар деп негізгі екі топқа бөліп көрсетеді. Соның ішінде, эндогендік факторларға түрлі тұқым қуалайтын ауруларды (аплазия – ішкі құлақтың жеткілікті дамымауы, миопатия – бұлшық еттердегі зат алмасудың бұзылуы); хромосоманың саны мен құрылымындағы өзгерістермен байланысты ауруларды (хромосомалық жинақтардың шамадан тыс көбейіп кетуі немесе хромосомалық жұптардың жетіспеушіліктері) жатқызса, ал экзогендік факторларға ата-аналардың созылмалы, инфекциялық аурулармен ауруы,

интоксикация (алкоголь, наша, никотиндік), түрлі жарақаттар (туылу кезіндегі, бас сүйек, ми зақымданулары, аяқ-қол жарақаттары), резус факторлардың сәйкес келмеуі, санитарлық және гигиеналық нормалардың сақталмауы және т.б. жатқызады.

Дамудағы ауытқушылықтарды жіктеудің қазіргі кезеңде бірнеше түрі бар.

